ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА
АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ 3-4

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ 5-12

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:

Пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есеп 13-14

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп 15

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 16-17

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп 18-21

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп 22-24

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер 25-192

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі, «ҚҰБ») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі ҚҰБ мен оның еншілес ұйымдары бірге – «Ұлттық Банк») 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл үшін оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталдағы өзгерістерді шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпеде сипатталған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттарына (бұдан әрі, «қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары») сәйкес дайындауға жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Басшылық:

- есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;
- ақпараттың, оның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынылуы;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары талаптарының сақталуы;
- Ұлттық Банк өз қызметін таяу болашақта жалғастыратын болады дей отырып шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Басшылық сонымен қатар:

- Ұлттық Банктегі ішкі бақылаудың тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау көрсету;
- Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға және Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің қаржылық есептілікті дайындау қағидаттарының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесіне қолдау көрсету;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуі;
- Ұлттық Банк активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық ақылға сыйымды ықтимал шаралардың қабылдануы;
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауап береді.

Осы 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті Басшылық 2022 жылғы 4 сәуірде бекітті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

_____	_____
Ғ.О. Пірматов	**Д.А. Тайшибаева**
Төраға	**Бас бухгалтер**
2022 жылғы 4 сәуір	2022 жылғы 4 сәуір
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, A25D6T5 Алматы,
Достық д-лы 180,
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, A25D6T5 Алматы,
пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасына

Ескертпесі бар пікір

Біз 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе зиян, жиынтық кіріс туралы, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа түсіндірмелі ақпараттан тұратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі, «Ұлттық Банк») шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, есебіміздің «Ескертпесі бар пікір білдіруге негіздеме» деген бөлімінде көрсетілген мән-жайдың ықпалын есептемегенде, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде Ұлттық Банктің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның көрсетілген күні аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысын шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпеде сипатталған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттарына (бұдан әрі, «қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары») сәйкес әділ көрсетеді.

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының кепілдіктерімен шектелген KPMG International Limited жекеше ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жаһандық ұйымының қатысушысы.

ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников.

Ескертпесі бар пікір білдіруге негіздеме

Ұлттық Банктің бағасы белгіленбейтін үлестік бағалы қағаздардың әділ құнының сенімді бағасын алу мүмкіндігінің болмауына байланысты Ұлттық Банк 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оларды 750,000,000 мың теңге сомасында өзіндік құны бойынша бағалаған. Әділ құнның сенімді бағасын алуға болар еді, соның нәтижесінде көрсетілген инвестициялар қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттарына сәйкес әділ құны бойынша көрсетілуге тиіс еді. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттарынан мұндай шегінудің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және көрсетілген күні аяқталған жылдардағы басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың құнына, активтерге, қаржы активтерінің әділ құны өзгерістерінің резервіне, меншікті капиталға, басқа да жиынтық кіріске ықпалы айқындалған жоқ.

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесінің Кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса) Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің (БЭХСК кодексі) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Ұлттық Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерімізді осы талаптарға және БЭХСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің ескертпесі бар пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитінің мән-мәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

«Ескертпесі бар пікір білдіруге негіздеме» деген бөлімде баяндалған мән-жайларға қосымша ретінде біз төменде көрсетілген мәселелерді аудиттің негізгі мәселелері ретінде айқындадық, олар туралы ақпаратты біздің есебімізде хабарлау қажет.

Банк секторын және экономиканы қалыпқа келтіру шығыстарын тану

Аудиттің негізгі мәселесі	**Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер**
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 10-ескертпені қараңыз.	
Қаржы жүйесінің және Қазақстан экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет шеңберінде Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктерді қаржылық қолдауға бағытталған бірқатар бағдарламаларды және экономиканы қолдауға арналған бағдарламаларды жүргізеді.	Біз жүргізілген операциялардың экономикалық мәніне және оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылуына, көрсетілуіне талдау жүргіздік. Біз квазимемлекеттік сектордың қаржы ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктердің сатып алынған облигацияларын бастапқы тану кезінде әділ құнды есептеу негіз болатын дисконттау мөлшерлемелері сияқты негізгі болжамдарды тексердік. Біз болжамды ақша ағындарының негізділігін бағаладық және дисконттау мөлшерлемелері сияқты негізгі бастапқы деректерді сыртқы көздерден алынған салалық, қаржылық және экономикалық деректермен салыстырдық.

Біз осы операциялардың маңыздылығына байланысты, сондай-ақ мұндай операцияларды есепке алу мәселелері кәсіби пайымдауларды қолдануды және тиісті қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде олардың әділ құнын айқындау кезінде бағалауды және олардың негізінде жасалатын болжамдарды пайдалануды талап ететіндіктен, осы мәселелерге ерекше көңіл бөлеміз. Есепті кезеңде мұндай операцияларға, атап айтқанда, квазимемлекеттік сектордың қаржы ұйымдары мен екінші деңгейдегі банктер шығарған, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте «Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер» деген бапта берілген қарыздар ретінде танылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу жатады.	Біз әділ құнды бағалауға қатысты пайымдауларды қоса алғанда, сатып алынған облигацияларды бастапқы тануға қатысты негізгі пайымдауларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті түрде ашып көрсету бастапқы тану кезінде ашып көрсететін-көрсетпейтіндігін бағаладық.

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат ішінде Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының Президентіне 2021 жылғы жылдық есебі туралы ақпаратты қамтиды (бұдан әрі, «Жылдық есеп»), бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің аудиторлық есепті қамтымайды. Жылдық есеп бізге, шамамен, осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа қатысты қолданылмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз ол қолжетімді болғанда өзге ақпаратпен танысудан және басқа ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында айтарлықтай сәйкессіздіктердің бар-жоғын және өзге ақпаратта басқа да ықтимал айтарлықтай бұрмаланған ақпараттың бар-жоғын қараудан тұрады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін Ұлттық Банк басшылығы мен корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттарына сәйкес көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындалуы мен шынайы ұсынылуына және жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесіне жауапкершілік алады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұлттық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтерді тиісті жағдайларда ашқаны үшін және басшылық Ұлттық Банкті таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болатын немесе онда таратудан немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде жасағаны үшін жауапкершілік атқарады.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдар Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапкершілік атқарады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан және біздің пікіріміз қамтылған аудиторлық есепті шығару елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алудан тұрады. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалануларды, ол бар болған кезде әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмалану жосықсыз әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және, егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, себебі жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Ұлттық Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсіне аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;

- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды, ал алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – нәтижесінде Ұлттық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу мүмкіндігіне қатысты айтарлықтай күмән туындауы мүмкін оқиғаларға немесе талаптарға байланысты маңызды белгісіздіктің болу-болмауы туралы қорытынды шығарамыз. Егер маңызды белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісінше ашып көрсетілген ақпаратқа назар аударуымыз немесе, егер мұндай ашып көрсетілген ақпарат тиісінше болмаса, пікірімізді түрлендіруіміз қажет. Біздің қорытындымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе талаптар Ұлттық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру мүмкіндігін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;

- ақпаратты ашып көрсетуді қоса алғанда, тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікке негіз болған операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын қамтамасыз ететіндей көрсетілуін бағалаймыз;

- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Ұлттық Банк ішіндегі іскерлік әрекеттерге қатысты жеткілікті, тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз Ұлттық Банктің аудитіне басшылық жасау, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен, олардың назарына басқасымен қатар аудиттің жоспарланған көлемі мен уақыты, сондай-ақ біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің нәтижелері бойынша айтарлықтай ескертулері туралы ақпаратты жеткізе отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Сонымен қатар, біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарға аудиторлардың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – қауіптерді жоюға бағытталған іс-әрекеттер немесе сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың назарына жеткізілген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудиті үшін маңыздырақ болған және, сәйкесінше, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ашып көрсетілген ақпарат заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда немесе қандай да бір мәселе туралы ақпараттың біздің аудиторлық есебімізде хабарланбауға тиіс деген тұжырымға келетін өте сирек жағдайларда аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдарлары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп негізді түрде болжауға болады.

Нәтижесінде тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың жетекшісі:

Урдабаева А.А.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы,
2012 жылғы 27 тамызда берілген
№ МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аудиторлық қызметпен айналысу үшін 2006 жылғы 6 желтоқсанда берген №0000021 мемлекеттік лицензия

Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС-нің Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

2022 жылғы 4 сәуір

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ескерт-пе	2021 жылмың теңге	2020 жылмың теңге
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	5	351,627,649	367,183,664
Пайыздық шығыстар	5	(588,903,792)	(464,594,508)
Таза пайыздық зиян		**(237,276,143)**	**(97,410,844)**
Комиссиялық кірістер	6	40,128,566	24,760,756
Комиссиялық шығыстар	7	(7,364,126)	(6,366,774)
Таза комиссиялық кіріс		**32,764,440**	**18,393,982**
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялардан түсетін таза пайда	8	248,333,316	95,283,203
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялардан түсетін таза пайда	9	22,606,726	40,759,957
Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы үлес		1,335,836	3,389,666
Банк секторын және экономиканы қалыпқа келтіру шығыстары	10	(128,177,122)	(936,370,397)
Басқа да операциялық кірістер/(шығыстар), нетто	11	17,949,829	(26,117,161)
Операциялық шығыстар		**(42,463,118)**	**(902,071,594)**
Кредиттік шығындарға резервтерді/(резервтер) қалпына келтіруден түскен кірістер/(бойынша шығыстар)	12	2,870,049	(162,794,967)
Бағалау міндеттемелері бойынша резерв	33	(22,406,405)	(37,648,928)
Банкноттар мен монеталарды шығару шығыстары	13	(22,389,937)	(30,558,468)
Персоналға арналған шығыстар	14	(24,397,644)	(23,780,793)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ескерт-пе	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Амортизация және тозу		(5,163,179)	(4,130,697)
Басқа да жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар	15	(26,054,901)	(48,913,667)
Табыс салығын шегергенге дейінгі зиян		**(140,005,135)**	**(1,209,899,114)**
Табыс салығы бойынша үнем	16	19,237,436	89,716,100
Бір жылдағы зиян		**(120,767,699)**	**(1,120,183,014)**
Мыналарға тиесілі (зиян) кіріс:			
- Ұлттық Банктің меншік иелеріне		(120,925,235)	(1,120,376,050)
- бақыламайтын акционерлерге		157,536	193,036
Бір жылдағы зиян		**(120,767,699)**	**(1,120,183,014)**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

_____	_____
Ғ.О. Пірматов	**Д.А. Тайшибаева**
Төраға	**Бас бухгалтер**
2022 жылғы 4 сәуір	2022 жылғы 4 сәуір
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

25-192-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Бір жылдағы зиян	**(120,767,699)**	**(1,120,183,014)**
Табыс салығын шегергендегі басқа да жиынтық кіріс		
Пайда немесе зиян құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Әділ құнның өзгеру резерві (борыштық құралдар):		
- әділ құнның таза өзгеруі	(49,020,525)	51,464,154
- пайда немесе зиян құрамына ауыстырылған нетто-шама	(17,819,146)	(32,933,329)
Пайда немесе зиян құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	*(66,839,671)*	*18,530,825*
Пайда немесе зиян құрамына кейіннен қайта жіктелуі мүмкін емес баптар:		
Әділ құнның өзгеру резерві (үлестік құралдар)	4,764,034	2,469,575
Шетел валютасын қайта бағалау резерві	27,705,339	125,869,458
Бағалы металдарды қайта бағалау резерві	(87,365,671)	2,652,217,250
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	6,110,350	-
Пайда немесе зиян құрамына кейіннен қайта жіктелуі мүмкін емес барлық баптар	*(48,785,948)*	*2,780,556,283*
Табыс салығын шегергендегі бір жылдағы басқа да жиынтық кіріс	**(115,625,619)**	**2,799,087,108**
Бір жылдағы барлық жиынтық (зиян)/кіріс	**(236,393,318)**	**1,678,904,094**
Мыналарға тиесілі барлық жиынтық (зиян)/кіріс:		
- Ұлттық Банктің меншік иелеріне	(236,554,717)	1,678,711,058
- бақыламайтын акционерлерге	161,399	193,036
Бір жылдағы барлық жиынтық (зиян)/кіріс	**(236,393,318)**	**1,678,904,094**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

Ғ.О. Пірматов	**Д.А. Тайшибаева**
Төраға	**Бас бухгалтер**
2022 жылғы 4 сәуір	2022 жылғы 4 сәуір
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

25-192-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ескертпе	2021 жылмың теңге	2020 жылмың теңге
АКТИВТЕР			
Кассадағы шетел валютасындағы ақша қаражаты	17	112,430,324	122,879,854
Алтын	18	10,254,959,287	9,946,269,671
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер	19	3,195,568,022	4,630,905,561
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқарудағы қаржы құралдары	20	965,401,344	633,025,926
«Кері РЕПО» мәмілелері	21	549,162,352	20,012,508
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар			
- «РЕПО» мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы салынған	22	140,891,608	94,346,826
- «РЕПО» мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы салынбаған	22	3,120,523,009	3,489,090,231
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	23	1,193,349,488	1,121,943,735
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар		7,255,451	5,683,549
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	24	80,626,994	70,335,177
Ағымдағы салықтық актив		6,735,771	2,481,329
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	16	346,258,930	325,613,503
Басқа да активтер	25	869,136,777	999,301,782
Барлық активтер		**20,842,299,357**	**21,461,889,652**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Айналыстағы ақша	26	3,452,220,118	3,250,868,479
Банктердің және басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	27	7,197,414,543	7,328,415,884
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқарудағы қаржы құралдары	20	1,816,270	968,165
«РЕПО» мәмілелері	28	150,097,813	100,597,147
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	29	1,062,130,685	441,555,267
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	30	904,928,019	1,432,152,238
Клиенттердің шоттары	31	206,932,122	239,047,013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ескертпе	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	32	3,062,328,192	3,645,971,357
Бағалау міндеттемелері	33	61,130,493	53,056,189
Ағымдағы салықтық міндеттеме		11,824	166
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	16	2,610,066	2,406,638
Басқа да міндеттемелер	34	31,469,566	33,833,600
Барлық міндеттемелер		**16,133,089,711**	**16,528,872,143**
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	35	20,000,000	20,000,000
Кепілдік берудің арнайы резерві	35	685,322,567	598,376,004
Басқа да резервтер		4,032,306	4,032,306
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві		28,982,199	23,184,009
Қаржы активтерінің әділ құнының өзгеру резерві		(23,584,179)	41,861,301
Шетел валютасын және бағалы металдарды қайта бағалау резерві		7,573,609,256	7,633,270,564
Жинақталған зиян		(3,580,710,836)	(3,389,104,209)
Ұлттық Банктің меншік иелеріне тиесілі барлық капитал		**4,707,651,313**	**4,931,619,975**
Бақыламайтын акционерлер үлесі	35	1,558,333	1,397,534
Барлық меншікті капитал		**4,709,209,646**	**4,933,017,509**
Барлық міндеттемелер мен меншікті капитал		**20,842,299,357**	**21,461,889,652**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

_____	_____
Ғ.О. Пірматов	**Д.А. Тайшибаева**
Төраға	**Бас бухгалтер**
2022 жылғы 4 сәуір	2022 жылғы 4 сәуір
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

25-192-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Салық салғанға дейінгі зиян	**(140,005,135)**	**(1,209,899,114)**
Түзетулер:		
Амортизация және тозу	7,431,480	6,545,036
(Резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістер)/ кредиттік зияндарға арналған резервтер бойынша шығыстар	(2,903,660)	162,717,766
Бағалау міндеттемелері бойынша резервтер	22,406,405	37,648,928
Басқа да қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған зияндар	33,611	77,201
Қорларды шығынға жазудан болған зиян	-	7,076
Негізгі құрал-жабдықтарды шығынға жазудан түскен кіріс	(348,237)	-
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудан болатын зиян	42,939	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар	384,754,150	348,204,505
Қаржы активтері бойынша сыйлықақының және дисконттың амортизациясы	(4,657,563)	(3,516,723)
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша іске асырылмаған пайда	(155,420,295)	(46,888,758)
Қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы үлес	(1,335,836)	(3,389,666)
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен/(ке) ақша қаражатының түсуі/(пайдаланылуы)	**109,997,859**	**(708,493,749)**
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы		
Алтын	(398,999,399)	(61,954,557)
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер	117,094,257	(854,544,624)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқарудағы қаржы құралдары	(169,771,981)	(105,559,720)
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	306,864,182	(72,176,030)
Басқа да активтер	158,445,992	(680,306,384)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)		
Айналыстағы ақша	201,351,639	562,120,693
Банктердің және басқа да қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	(216,994,526)	2,628,278,622
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқарудағы қаржы құралдары	802,940	(14,793)
«РЕПО» мәмілелері	49,500,666	72,655,831
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ағымдағы шоттары	620,575,418	(283,174,740)
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ағымдағы шоттары	(525,134,709)	1,032,140,906
Клиенттердің шоттары	(32,168,601)	54,272,625
Бағалау міндеттемелері	(14,332,101)	(17,755,167)
Басқа да міндеттемелер	(3,743,620)	4,797,891
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсуі	**203,488,016**	**1,570,286,804**
Төленген табыс салығы	(259,070)	(1,790,137)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсуі	**203,228,946**	**1,568,496,667**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(232,392,096)	(187,567,093)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу	171,143,544	64,616,231
Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(22,139,686)	(8,465,639)
Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер	401,935	73,995
Қауымдасқан ұйымдардың капиталына инвестициялар	(236,299)	-
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза пайдаланылуы	**(83,222,602)**	**(131,342,506)**
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан түскен түсімдер	22,660,504,762	14,795,265,568
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(23,212,157,298)	(14,783,505,350)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу	(416,744,779)	(334,704,804)
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы	**(968,397,315)**	**(322,944,586)**
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза (азаюы)/ұлғаюы	**(848,390,971)**	**1,114,209,575**
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатының және оның баламаларының шамасына әсер етуі	33,670,276	71,054,468
Жылдың басындағы ақша қаражаты және оның баламалары (күтілетін кредиттік зиянға арналған резерві шегерілгенге дейін)	2,383,626,832	1,198,362,789
Жылдың соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары (күтілетін кредиттік зиянға арналған резерві шегерілгенге дейін) (17-ескертпе)	**1,568,906,137**	**2,383,626,832**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде төленген және алынған пайыздар сомасы тиісінше 572,320,645 мың теңгені және 342,455,848 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: тиісінше 454,858,457 мың теңге және 287,442,537 мың теңге).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

_____	_____
Ғ.О. Пірматов	**Д.А. Тайшибаева**
Төраға	**Бас бухгалтер**
2022 жылғы 4 сәуір	2022 жылғы 4 сәуір
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

25-192-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ұлттық Банктің меншік иелеріне тиесілі меншікті капитал									
мың теңге	**Жарғылық капитал**	**Кепілдік берудің арнайы резерві**	**Басқа да резервтер**	**Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві**	**Қаржы активтерінің әділ құнының өзгеру резерві**	**Шетел валютасын және бағалы металдарды қайта бағалау резерві**	**Жинақталған зиян**	**Барлығы**	**Бақыламайтын акционерлер үлесі**	**Барлық меншікті капитал**
2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	**20,000,000**	**598,376,004**	**4,032,306**	**23,184,009**	**41,861,301**	**7,633,270,564**	**(3,389,104,209)**	**4,931,619,975**	**1,397,534**	**4,933,017,509**
Нақты активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде өткен жылғы қайта есептелген бөлінбеген пайда *	-	-	-	-	-	-	12,587,640	12,587,640	-	12,587,640
2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық	**20,000,000**	**598,376,004**	**4,032,306**	**23,184,009**	**41,861,301**	**7,633,270,564**	**(3,376,516,569)**	**4,944,207,615**	**1,397,534**	**4,945,605,149**
Барлық жиынтық зиян										
Бір жылдағы зиян	-	-	-	-	-	-	(120,925,235)	(120,925,235)	157,536	(120,767,699)
Басқа да жиынтық кіріс										
Әділ құн өзгерістерінің резерві (борыштық құралдар):										
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	(49,020,525)	-	-	(49,020,525)	-	(49,020,525)
Пайда немесе зиян құрамына ауыстырылған нетто-шама	-	-	-	-	(17,819,146)	-	-	(17,819,146)	-	(17,819,146)
Әділ құн өзгерістерінің резерві (үлестік құралдар):										
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	1,394,191	-	3,369,843	4,764,034	-	4,764,034
Шетел валютасын қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	27,704,363	-	27,704,363	976	27,705,339
Бағалы металдарды қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	(87,365,671)	-	(87,365,671)		(87,365,671)
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау	-	-	-	6,107,463	-	-	-	6,107,463	2,887	6,110,350
Барлық басқа да жиынтық кіріс				6,107,463	(65,445,480)	(59,661,308)	3,369,843	(115,629,482)	3,863	(115,625,619)
Бір жылдағы барлық жиынтық зиян	**-**	**-**	**-**	**6,107,463**	**(65,445,480)**	**(59,661,308)**	**(117,555,392)**	**(236,554,717)**	**161,399**	**(236,393,318)**
Мүлік құны өсімінің сомасын амортизация және істен шығу нәтижесінде қайта бағалаудан көшіру	-	-	-	(309,273)	-	-	309,273	-	-	-
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар:										
Кепілдік берудің арнайы резервін толықтыру	-	86,946,563	-	-	-	-	(86,946,563)	-	-	-
Еншілес ұйымдардың эмиссиялық кірісі	-	-	-	-	-	-	(1,585)	(1,585)	-	(1,585)
Бақыланбайтын үлестің азаюы	-	-	-	-	-	-	-	-	(600)	(600)
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	-	**86,946,563**	-	-	-	-	(86,948,148)	(1,585)	(600)	(2,185)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	**20,000,000**	**685,322,567**	**4,032,306**	**28,982,199**	**(23,584,179)**	**7,573,609,256**	**(3,580,710,836)**	**4,707,651,313**	**1,558,333**	**4,709,209,646**

* Түзету тек меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді, өйткені қайта есептеудің әсері шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін айтарлықтай емес.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

	Ұлттық Банктің меншік иелеріне тиесілі меншікті капитал									
мың теңге	**Жарғылық капитал**	**Кепілдік берудің арнайы резерві**	**Басқа да резервтер**	**Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві**	**Қаржы активтерінің әділ құнының өзгеру резерві**	**Шетел валютасын және бағалы металдарды қайта бағалау резерві**	**Жинақталған зиян**	**Барлығы**	**Бақыламайтын акционерлер үлесі**	**Барлық меншікті капитал**
2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	**20,000,000**	**500,764,758**	**4,032,306**	**23,623,561**	**22,271,185**	**4,855,183,856**	**(2,184,530,568)**	**3,241,345,098**	**1,204,365**	**3,242,549,463**
Нақты активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде өткен жылғы қайта есептелген бөлінбеген пайда *	-	-	-	-	-	-	11,296,364	11,296,364	-	11,296,364
2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық	**20,000,000**	**500,764,758**	**4,032,306**	**23,623,561**	**22,271,185**	**4,855,183,856**	**(2,173,234,204)**	**3,252,641,462**	**1,204,365**	**3,253,845,827**
Барлық жиынтық кіріс		-								
Бір жылдағы зиян	-	-	-	-	-	-	(1,120,376,050)	(1,120,376,050)	193,036	(1,120,183,014)
Басқа да жиынтық кіріс										
Әділ құн өзгерістерінің резерві (борыштық құралдар):										
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	51,464,154	-	-	51,464,154	-	51,464,154
Пайда немесе зиян құрамына ауыстырылған нетто-шама	-	-	-	-	(32,933,329)	-	-	(32,933,329)	-	(32,933,329)
Әділ құн өзгерістерінің резерві (үлестік құралдар):										
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	1,059,291	-	1,410,284	2,469,575	-	2,469,575
Шетел валютасын қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	125,869,458	-	125,869,458	-	125,869,458
Бағалы металдарды қайта бағалау резерві	-	-	-	-	-	2,652,217,250	-	2,652,217,250	-	2,652,217,250
Барлық басқа да жиынтық кіріс	-	-	-	-	19,590,116	2,778,086,708	1,410,284	2,799,087,108	-	2,799,087,108
Бір жылдағы барлық жиынтық кіріс	**-**	**-**	**-**	**-**	**19,590,116**	**2,778,086,708**	**(1,118,965,766)**	**1,678,711,058**	**193,036**	**1,678,904,094**
Амортизациялау және шығынға жазу кезінде қайта бағалау резервін аудару	-	-	-	(439,552)	-	-	443,128	3,576	133	3,709
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар:										
Кепілдік берудің арнайы резервін толықтыру	-	97,611,246	-	-	-	-	(97,611,246)	-	-	-
Еншілес ұйымдарды эмиссиялық кірісі	-	-	-	-	-	-	2,041	2,041	-	2,041
Еншілес ұйымның шығуы	-	-	-	-	-	-	261,838	261,838	-	261,838
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	**-**	**97,611,246**	**-**	**-**	**-**	**-**	**(97,347,367)**	**263,879**	**-**	**263,879**
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	**20,000,000**	**598,376,004**	**4,032,306**	**23,184,009**	**41,861,301**	**7,633,270,564**	**(3,389,104,209)**	**4,931,619,975**	**1,397,534**	**4,933,017,509**

* Тигізетін әсері елеулі болып табылмайтындықтан, қайта есептеу тек меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ғана көрсетілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басшылығының атынан:

_____	_____
Ғ.О. Пірматов	**Д.А. Тайшибаева**
Төраға	**Бас бухгалтер**
2022 жылғы 4 сәуір	2022 жылғы 4 сәуір
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан	Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

25-192-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет

Ұсынылып отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі, «ҚҰБ») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі, «Ұлттық Банк») қаржылық есептілігінен тұрады.

ҚҰБ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 13 сәуірдегі № 2134-XII қаулысына сәйкес құрылған болатын. Осы Қаулыға сәйкес Қазақ КСР-дың Мемлекеттік Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып қайта аталды.

ҚҰБ-ның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. ҚҰБ-ға мынадай міндеттер жүктеледі: мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету; ақша-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер.

Ұлттық Банк өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі функцияларды орындайды: Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді; Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастырады; Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады; шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқаруды қамтамасыз етеді; ҚҰБ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады; ҚҰБ мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалған сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» («БЖЗҚ» АҚ) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады; «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңда, Қазақстан Республикасының өзге заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет, жалғасы

ҚҰБ-ның бас офисі мынадай мекенжай бойынша тіркелген: Нұр-Сұлтан қаласы, Z05T8F6, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҰБ-ның Қазақстан Республикасында 18 филиалы, Алматы қаласында 1 Өкілдігі және 11 еншілес ұйымы бар.

Қазақстан Республикасында тіркелген ҚҰБ-ның барлық еншілес ұйымдары төменде көрсетілген:

			Иелену үлесі, %	
Атауы	**Құрылған жылы**	**Негізгі қызметі**	**2021 жыл**	**2020 жыл**
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» РМК	1994	Монеталар шығару	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК»	1996	Электрондық ақша аударымдары	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» АҚ	1996	Бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету және әзірлеу	100.00	100.00
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі, «ҚДКБҚ» АҚ)	1999	Жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» РМК	2004	Банкноттар шығару	100.00	100.00
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем және қаржылық технологияларын дамыту орталығы» АҚ	2007	Ұлттық Банк үшін төлемдер мен қаржылық технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу және консультациялық қызметтер көрсету	100.00	100.00

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет, жалғасы

Атауы	Құрылған жылы	Негізгі қызметі	Иелену үлесі, % 2021 жыл	Иелену үлесі, % 2020 жыл
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы» АҚ	2011	Көлік қызметі, мүлікті басқару жөніндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру	100.00	100.00
«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі, «ҚҰБ ҰИК» АҚ)	2012	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, ҚҰБ алтынвалюта активтерін, зейнетақы активтерін басқару	100.00	100.00
«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ	2012	Кредиттік тарихты қалыптастыру және кредиттік есептерді беру	100.00	100.00
«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (бұдан әрі, «ҚОҚ» АҚ)	2017	Екінші деңгейдегі банктерді қаржылық қолдау арқылы банк секторының және экономиканың қаржылық тұрақтылығына жәрдем беру	100.00	100.00
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	1996	Депозитарлық қызмет	63.24	63.24

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет, жалғасы

2019 жылдан бастап «ҚҚБ» АҚ-ның салымдары қауымдасқан ұйымға инвестициялар ретінде жіктелді.

2019 жылғы 23 желтоқсанда Басқарма қаулысына сәйкес ҚҰБ 2020 жылғы I тоқсанда «Баспана» ИҰ» АҚ-ны ҚҰБ-ның басқа еншілес кәсіпорны «ҚОҚ» АҚ қосу жолымен оны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдады. Біріктіру 2020 жылдың ақпан айында болды.

ҚҰБ-ның Нұр-Сұлтан қаласына көшуіне байланысты 2020 жылғы маусымда Ұлттық Банктің Алматы қаласында тұрақты өкілдігін (бұдан әрі – Өкілдік) ашу туралы шешім қабылданып, Өкілдіктің құрылымы мен өкілдік туралы ереже бекітілді.

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары, жалғасы

Ұлттық Банк өз қызметін негізінен Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Ұлттық Банк дамушы нарықтарға тән өзіндік ерекшеліктерді көрсететін Қазақстан нарықтарында экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасы пысықталуын жалғастыруда, бірақ әртүрлі түсіндірулері болуы ықтимал және жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды, олар құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа да кемшіліктерімен жиынтығында Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызады.

Әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы және COVID-19 пандемиясы шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының белгісіздік деңгейін арттырады. Жуырда Украинада байқалған әскери қақтығыс Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін одан әрі арттыра түсті.

Қызметтің үздіксіздігін қолдау үшін Ұлттық Банк қашықтықтан қол жеткізуді пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруды жалғастырады және жергілікті жерлерде жұмыс істейтін қызметкерлердің денсаулығын қорғау үшін шаралар қабылдайды, оның ішінде жеке қорғану құралдарымен, қашықтық режимінің сақталуын, Ұлттық Банктің үй-жайларын дезинфекциялауды қамтамасыз етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары, жалғасы

Басшылық оқшаулаудың ұзақ кезеңдерінің, осындай шаралардың қатаңдығының өршуі немесе осындай шаралардың экономикалық ортаға кейіннен қолайсыз әсерінің орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте Ұлттық Банкке қолайсыз әсер ету мүмкіндігін жоққа шығара алмайды. Ұлттық Банк жағдайды мұқият қадағалауды жалғастырады және осындай оқиғалар мен мән-жайлардың туындау шамасына қарай олардың салдарын жеңілдетуге ден қоятын болады.

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

(а) Қолданылатын стандарттар

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚҰБ өзінің есеп саясатын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (бұдан әрі, «ХҚЕС») негізінде айқындайды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық жағдайын және қызметінің нәтижелерін дәйекті көрсету мақсатында, Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі 2013 жылғы 27 маусымда мақұлдаған, Ұлттық Банк орталық банк қызметінің сипатына сәйкес келеді деп қарастыратын ҚҰБ-ның есеп саясатына сәйкес дайындалды. ҚҰБ есеп саясаты Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитет (ХҚЕСК) шығарған ХҚЕС-ке және төменде сипатталған маңызды түрлендірулерін қоса алғанда, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру жөніндегі комитет (ХҚЕСТК) шығарған түсіндірулерге негізделген:

- алтын және депозиттегі алтын алтынның нарықтық құны бойынша қайта бағаланады; алтынды, сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген активтер мен міндеттемелерді қайта бағалаудан алынған пайда капитал құрамындағы басқа да жиынтық кіріс ретінде көрсетіледі. Тікелей капиталда басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетілген, құнды қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы ұлғаюы есептен шығарылатын жағдайларды қоспағанда, қайта бағалау нәтижесінде туындайтын зиян пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда олар басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі;

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Қолданылатын стандарттар, жалғасы

- орталық банктің рөлі мен функцияларын орындау мақсатында, сондай-ақ инвестициялық бағалы қағаздарды басқару нәтижелеріне шартта көзделген ақшалай ағындарын алуға және сол сияқты оларды сатуға байланысты қол жеткізілетін фактісін ескере отырып, ҚҰБ портфеліндегі сыртқы басқарудағы осы борыштық қаржы активтер 2018 жылға дейін ҚҰБ портфелінде сыртқы басқарудағы осы борыштық қаржы активтер 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес «өзгеруі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын» ретінде сыныпталуына қарамастан, «басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар» санатына сыныпталады.

(б) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды, оған алтын, пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдар, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар, және қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген үйлер, ғимараттар, жер учаскелері және автокөлік құралдары жатпайды.

(в) Функционалдық валюта және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін көрсететін валюта

Қазақстан теңгесі ҚҰБ-ның және оның еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бол тұра ҚҰБ жүргізетін операциялардың және олармен байланысты, оның қызметіне әсер ететін жағдайлардың көпшілігінің экономикалық мәнін барынша жақсы көрсетеді. Қазақстан теңгесі осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін көрсету валютасы да болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенген.

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(г) Бағалау мен пайымдауды пайдалану

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-қа сәйкес дайындау басшылықтан есеп саясатының қолданылатын қағидаттарына және активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың көрсетілетін сомаларына әсер ететін кәсіби пайымдауларды, есептік бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар және олардың негізінде жатқан жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Пайымдаулар

Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған, қаржылық есептілікте танылған шамаларға неғұрлым айтарлықтай әсер еткен пайымдаулар туралы ақпарат келесі ескертпелерде ашып көрсетілді:

- қаржы активтерін жіктеу: шеңберінде қаржы активтері ұсталатын бизнес-модельді бағалау және қаржы активінің шарттық талаптарында негізі соманы және негізгі соманың өтелмеген қалдығына пайыздарды ғана төлеу көзделетінін бағалау – 3 (з) (і) ескертпе;
- қаржы активі бастапқы танылған кезден бастап ол бойынша кредит тәуекелі айтарлықтай өскенін бағалаудың өлшемшарттарын белгілеу, болжамдық ақпаратты күтілетін кредиттік зиянды («ККЗ») бағалауға енгізу бойынша әдіснаманы айқындау, ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылатын модельдерді таңдау және бекіту – 4-ескертпе;
- қолданылатын стандарттар – 2 ескертпе;
- банк секторын және экономиканы қалыпқа келтіру шығыстарын есепке алу – 10-ескертпе.

Бағалаулардың жорамалдары және белгісіздігі

Белгісіздікке байланысты, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі деректерді айтарлықтай түзетудің себебі болып табылуы мүмкін деген біршама тәуекел болатын жорамалдар мен бағалаулар туралы ақпарат мына ескертпелерде ашып көрсетілген:

- қаржы құралдарының құнсыздануы: ККЗ-ны бағалау моделі үшін бастапқы деректерді айқындау, оның ішінде болжамдық ақпаратты енгізу – 4-ескертпе;

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(г) Бағалау мен пайымдауды пайдалану, жалғасы

Бағалаулардың жорамалдары және белгісіздігі, жалғасы

- бастапқы тану кезінде реттелген және купондық облигациялардың әділ құны – 10-ескертпе;
- қаржы активтері және міндеттемелер: әділ құн және есептік сыныптаулар – 42-ескертпе.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ұлттық Банк осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте берілген барлық есепті кезеңдерге есеп саясатының мынадай ережелерін жүйелі түрде қолданды.

(а) Шоғырландыру қағидаттары

(i) Еншілес ұйымдар

Ұлттық Банктің бақылауындағы инвестициялар объектілері еншілес ұйымдар болып табылады. Егер Ұлттық Банк инвестициялар объектісінде қатысудан ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшыраса, немесе мұндай кірісті алуға құқылы болса, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өзінің өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген кірістің шамасына әсер ету қабілеті болса, Ұлттық Банк инвестициялар объектісін бақылайды. Атап айтқанда, Ұлттық Банк өзі шын мәнінде бақылайтын инвестициялар объектілерінің қаржылық есептілігін шоғырландырады. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі шоғырландырылған қаржылық есептілікке көрсетілген бақылауды нақты белгілеген күннен бастап бақылауды нақты тоқтату күніне дейін енгізіледі.

(ii) Қорларды басқару

Ұлттық Банк инвесторлардың мүдделері үшін инвестициялық компаниялардың активтерін басқарады. Ұлттық Банк мұндай компанияны бақылайтын жағдайларды қоспағанда, осы компаниялардың қаржылық есептілігі Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілмейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Шоғырландыру қағидаттары, жалғасы

(iii) Қауымдасқан ұйымдар

Қаржылық және шаруашылық саясатына Ұлттық Банк айтарлықтай ықпал ететін, бірақ Ұлттық Банк бақыламайтын ұйымдар қауымдасқан ұйымдар болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке көрсетілген айтарлықтай ықпал ету нақты белгіленген күннен бастап айтарлықтай ықпал нақты тоқтатылған күнге дейін үлестік қатысу әдісі бойынша есептелген Ұлттық Банктің қауымдасқан ұйымдардың пайдасындағы және зиянындағы үлесі туралы деректер кіреді. Қауымдасқан ұйымның зиянындағы Ұлттық Банктің үлесі Ұлттық Банктің қауымдасқан ұйымға қатысу үлесінен (ұзақ мерзімді кредиттерді қоса алғанда) асып кеткен жағдайларда, көрсетілген қатысу үлесі нөлге дейін төмендетіледі және Ұлттық Банктің осы қауымдасқан ұйымға қатысты міндеттемелері болған жағдайларды қоспағанда, кейінгі зияндарды көрсету тоқтатылады.

(iv) Шоғырландыру барысында алып тасталатын операциялар

Ұлттық Банктің қатысушылары арасындағы операциялар, осындай операциялар бойынша берешек қалдықтары, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жасау барысында туындайтын іске асырылмаған пайда шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау барысында алып тасталады.

(v) Бақыламайтын акционерлердің үлестері

Бақыламайтын акционерлердің үлестері ҚҰБ-ға тікелей немесе жанама тиесілі емес еншілес ұйымдардағы капиталды білдіреді.

Бақыламайтын акционерлердің үлестері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте капиталдың құрамында ҚҰБ меншік иелеріне тиесілі капиталдан бөлек көрсетіледі. Пайданың немесе зиянның және жалпы жиынтық кірістің құрамындағы бақыламайтын акционерлердің үлестері пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек баппен көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Алтын

Алтын шетелдік банктердегі депозиттердегі алтыннан және сақтау орындарындағы құйма алтыннан тұрады. Алтын шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепті күнгі нарықтық құны бойынша есепке алынады. Нарықтық құны Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы белгілеген таңертеңгі фиксинг негізінде белгіленеді. Алтынның нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан түскен кіріс басқа да жиынтық кіріс құрамында тікелей көрсетіледі. Қайта бағалаудан болған зиян пайда немесе зиян құрамында олар өткен кезеңдердің іске асырылмаған таза пайдасынан асатын бөлікте көрсетіледі, олай болмаған жағдайда, олар тікелей капиталдағы басқа да жиынтық кірісті азайтады. Алтынды қайта бағалау пайда немесе зиянның құрамына аударылмайды.

(в) Шетел валютасы

Есепті күнгі жағдай бойынша шетел валютасымен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын оң бағамдық айырмалар өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Қайта бағалау нәтижесінде туындайтын шығындар өзге жиынтық кірістің құрамында тікелей меншікті капиталда көрсетілген құнды қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы ұлғаю есептен шығарылған жағдайларды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда олар өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Шетел валютасын қайта бағалау пайда немесе зиян құрамына аударылмайды. Шетел валютасымен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күні қолданылған валюта бағамдары бойынша функционалдық валютаға аударылады.

Шетел валютасында көрсетілген және нақты шығындар бойынша көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(г) Ақшалай қаражат және оның баламалары

Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына басқа банктердегі қолма-қол банкноттар мен монеталар, бос қалдықтар («ностро» түріндегі шоттар), сондай-ақ әділ құнның өзгеруінің айтарлықтай тәуекеліне ұшырамайтын және Ұлттық Банк қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем өтімділігі жоғары қаржы активтері кіреді. Ақшалай қаражат және оның баламалары қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

(д) Пайыздық кірістер мен шығыстар

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» – бұл мыналарды:

- қаржы активінің жалпы баланстық құнына; немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнына дейін қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде есептік болашақ ақша төлемдері мен түсімдерін дисконттайтын мөлшерлеме.

Сатып алынған немесе кредиттік-құнсызданған активтермен құрылған болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Ұлттық Банк осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік шығындарды ескермей ақшалай қаражаттың болашақ ағындарын бағалайды. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік шығындарды қоса алғанда, ақшалай қаражаттың күтілетін болашақ ағындарының шамасын пайдалана отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақыны және сомаларды қамтиды. Мәміле бойынша шығындар қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындарды қамтиды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Пайыздық кірістер мен шығыстар, жалғасы

Амортизацияланған құн және жалпы баланстық құн

Қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизацияланған құны» - бұл бастапқы тану кезінде қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын, борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдерді шегергенде, көрсетілген бастапқы сома мен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген өтеу мерзімі басталған кезде төленетін сома арасындағы жинақталған амортизация шамасын қосқанда немесе алғандағы және бағалау резервін ескере отырып түзетілген қаржы активтеріне қатысты сома.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын «қаржы активінің жалпы баланстық құны» - бұл зияндар үшін бағалау резервінің шамасына түзетілгенге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құны.

Пайыздық кіріс пен шығысты есептеу

Қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеген кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив кредиттік-құнсызданған болып табылмаған кезде) немесе міндеттеменің амортизацияланған құнының шамасына қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісін көрсету мақсатында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақшалай қаражат ағындарын кезең-кезеңімен қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме де тиісті түзету амортизациясы басталу күні әділ құнды хеджирлеуге байланысты түзетулерді көрсету үшін қайта қаралады.

Алайда, бастапқы танылғаннан кейін кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс қаржы активінің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржы активі кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, онда пайыздық кірісті есептеу жалпы баланстық құн негізінде қайтадан жүргізіледі.

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржы активінің амортизацияланған құнының шамасына қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық кірісті есептеу, тіпті егер олар бойынша кредиттік тәуекел кейіннен азайтылса да, жалпы баланстық құн негізінде жүзеге асырылмайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(д) Пайыздық кірістер мен шығыстар, жалғасы

Пайыздық кіріс пен шығысты есептеу, жалғасы

Қандай жағдайларда қаржы активтері кредиттік-құнсызданған болып табылатыны туралы ақпарат 3(з)(iv) ескертпеде берілген.

Ақпарат ұсыну

Пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістерде:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кірістер қамтылады.

Пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте берілген пайыздық шығыстар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстарды қамтиды.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер пайда немесе зиын туралы шоғырландырылған есепте «Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялардан түскен таза пайда» бабына енгізілді.

(е) Комиссиялық кірістер мен шығыстар

Қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеменің есебіне енгізіледі (3(е) ескертпені қараңыз).

Активтерді басқару жөніндегі қызметтер үшін комиссияны, зейнетақы активтерін басқару үшін комиссияны, депозитарлық қызмет және қаржы нарықтарына қызмет көрсету және аударым операциялары үшін комиссияны қоса алғанда, комиссиялық кірістер тиісті қызметтер көрсетілуіне қарай танылады.

Комиссиялық шығыстар, ең алдымен, тиісті қызметтерді алу шамасына қарай шығыстарға жататын активтерді басқару үшін сыйақы төлеу бойынша шығындарды, брокерлік операциялар мен кастодиандық қызметтер бойынша комиссияны қамтиды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Комиссиялық кірістер мен шығыстар, жалғасы

Дивидендтер нысанындағы кіріс дивидендтер жарияланған күнгі пайданың немесе зияннның құрамында көрсетіледі.

(ж) Қаржы құралдары

(і) Қаржы құралдарын сыныптау, жалғасы

Қаржы активтері

Бастапқы тану кезінде қаржы активі бағаланатын ретінде не амортизацияланған құны бойынша, не өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша, не пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша сыныпталады.

Қаржы активі, егер ол төменде аталған екі талапқа жауап беретін және Ұлттық Банктің ұйғарымы бойынша пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмаған жағдайда ғана амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақшалай қаражаттың ағынын алу үшін активтерді ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды төлеуді білдіретін ақшалай қаражат ағындары белгіленген мерзімде туындауы көзделген.

Борыш құралы 2(а) ескертпеде сипатталған есеп саясатының модификациясын қоспағанда, егер ол төменде аталған екі талапқа жауап беретін және Ұлттық Банктің ұйғарымы бойынша пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмаған жағдайда ғана өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- актив мақсатына шартта көзделген ақшалай қаражат ағынын алу арқылы сияқты қаржы активтерін сатумен қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды ғана төлеуді білдіретін ақшалай қаражат ағындарының белгіленген мерзімде туындауы көзделген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын сыныптау, жалғасы

Қаржы активтері, жалғасы

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайда және зиян амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша сияқты пайда немесе зиян құрамында танылатын мына баптарды қоспағанда, өзге жиынтық кіріс құрамында танылады:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс;
- күтілетін кредиттік зиян және құнсыздануданболған зиян сомасын қалпына келтіру.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы активін тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда немесе зиян меншікті капитал құрамынан пайда немесе зиян құрамына қайта сыныпталады.

Саудаға арналмаған инвестицияларды үлестік құралдарға бастапқыда тану кезінде Ұлттық Банк өзінің ұйғарымы бойынша оны кейіннен күшін жою құқығынсыз, өзге жиынтық кіріс құрамында инвестициялардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін беру туралы шешім қабылдай алады. Бұл таңдау әрбір инвестициялар үшін жеке жүргізіледі.

Осындай үлестік құралдар бойынша пайда және зиян пайда мен зиянның құрамына ешқашан қайта жіктелмейді және пайда мен зиянның құрамындағы құнсыздану танылмайды.

Дивидендтер инвестициялардың бастапқы құнының бір бөлігін қайтарған жағдайлардан басқа, пайда немесе зиян құрамында танылады және бұл жағдайда дивидендтер өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Инвестицияларды шығару кезінде өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда мен зиян бөлінбеген пайданың (жинақталған зиянның) құрамына көшіріледі.

Барлық өзге қаржы активтері әділ құны бойынша бағаланатын пайда немесе зиян арқылы жіктеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын сыныптау, жалғасы

Қаржы активтері, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау

Ұлттық Банк бизнес-модельдің мақсатын бағалайды, оның шеңберінде актив қаржы құралдары портфелінің деңгейінде ұсталады, сол себепті ол бизнесті басқару және ақпаратты басшылыққа ұсыну тәсілін барынша жақсы етіп көрсетеді. Ұлттық Банк мынадай ақпаратты талдайды:

- портфелді басқару үшін белгіленген саясат және мақсат, сондай-ақ практикада көрсетілген саясатты іске асыру. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржы активтерінің өтеу мерзімін осы активтерді пайдалану немесе активтерді сату арқылы ақша қаражатының ағынын іске асыру үшін пайдаланатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзіміне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағдарланған ба;
- портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және осы ақпарат ҚҰБ-ның басшылығына қалай хабарланады;
- бизнес-модельдің (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталынатын қаржы активтерінің) нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады;
- портфельді басқаруға жауапты менеджерлер қандай сыйақы алады (мысалы, осы сыйақы олар басқаратын активтердің әділ құнына немесе олар шартта көзделген активтерден алатын ақша ағындарына байланысты ма);
- өткен кезеңдердегі сатудың жиілігі, көлемі және мерзімі, сондай-ақ сатудың болашақтағы деңгейіне қатысты күтулер. Алайда сату деңгейі туралы ақпарат бөлек қаралмайды, бірыңғай тұтас талдау шеңберінде қаралады, ҚҰБ мәлімдеген қаржы активтерін басқаруға қалай қол жеткізіледі және ақша ағыны қалай іске асырылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын сыныптау, жалғасы

Қаржы активтері, жалғасы

Шартта көзделген ақша ағындарының тек қана негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатынын бағалау

Аталған бағалаудың мақсаты үшін «негізгі сома» қаржы активінің оны бастапқы тану кезіндегі әділ құны ретінде есептеледі. «Пайыздар» белгілі бір кезең ішінде өтелмей қалған негізгі сомаға қатысты ақшаның уақытша құны үшін, кредиттік тәуекел үшін және басқа да негізгі тәуекелдер үшін және кредиттеуге байланысты шығындарды (мысалы, өтімділік тәуекелі мен әкімшілік шығындар) өтеу ретінде анықталады, сондай-ақ пайда маржасын қамтиды.

Шартта көзделген ақша ағындарының негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне («SPPI өлшемшарты») пайыздарды төлеу болып табылатынын бағалау кезінде Ұлттық Банк қаржы құралының шарттық талаптарына талдау жүргізеді. Бұған қаржы активі шартта көзделген ақша ағындарының мерзімдері мен сомаларын қаржы активі талданатын талаптарды қанағаттандыра алмайтындай етіп өзгерте алатын қандай да бір шарттық талаптарды көздеуін бағалау да кіреді. Бұл ретте Ұлттық Банк бағалау жүргізу кезінде мыналарды ескереді:

- ақша ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- ықпал ету әсері бар талаптар (левередж);
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданыс мерзімін ұзарту туралы талаптар;
- Ұлттық Банктің талаптарын алдын ала келісілген активтерден болған ақша ағындарынан шектейтін талаптар (мысалы, регресс құқығынсыз қаржы активтері); және
- ақшаның уақытша құнын өтеуді өзгертуге әкелетін талаптар, мысалы, пайыздық мөлшерлемелерді кезеңдік негізде қайта қарау.

Қайта сыныптау

Қаржы активтерін сыныптау бастапқы танылғаннан кейін Ұлттық Банк қаржы активтерін басқару бойынша өзінің бизнес-моделін өзгерткеннен кейінгі кезеңнен басқа кезеңде өзгертпейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын сыныптау, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелерді сыныптау олар бастапқыда танылғаннан кейін өзгертілуге жатпайды.

(іі) Тануды тоқтату

Қаржы активтері

Ұлттық Банк қаржы активін тануды шартта көзделген осы активтен ақшалай қаражат ағындарына құқықтардың қолданыс мерзімі аяқталған не осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайда іс жүзінде басқа тарапқа берілетін немесе Ұлттық Банк осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы бермейтін, сақтамайтын және осы қаржы активіне бақылауды сақтамайтын мәміле нәтижесінде ол осы активтен ақшалай қаражат ағындарын алуға құқықты берген кезде тоқтатады.

Қаржы активін тануды тоқтатқан кезде активтің баланстық құны (немесе тануы тоқтатылған активтің бір бөлігіне бөлінген баланстық құны) мен (і) алынған өтемақы сомасы (өзіне қабылдаған жаңа міндеттеменің шамасын шегергенде алынған жаңа активтің шамасын қоса алғанда) және (іі) өзге жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жинақталған пайда немесе зиян арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

Ұлттық Банктің ұйғаруы бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына сыныпталған үлестік инвестициялық бағалы қағаздар бойынша өзге жиынтық кіріс құрамында танылған пайданың/зияннның кез келген жинақталған сомасы осындай бағалы қағаздарды тануды тоқтату кезінде пайда немесе зиян құрамында қайта сыныптауға жатпайды. Ұлттық Банк құрған немесе оның атында сақталған тануды тоқтату үшін оларға қатысты талаптар сақталатын берілген қаржы активтеріндегі кез келген қатысу үлесі жекелеген актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

Ұлттық Банк талаптары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған активтерді беру көзделетін мәмілелер жасайды, бірақ бұл ретте берілген активтерге меншік құқығына байланысты барлық немесе шамамен барлық тәуекелдерді не олардың бір бөлігін өзіне қалдырады. Мұндай жағдайларда берілген активтерді есепке алуда тану тоқтатылмайды. Қарызға бағалы қағаздарды беру және «РЕПО» мәмілелері осындай мәмілелердің мысалы болып табылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Тануды тоқтату, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер

Ұлттық Банк қаржылық міндеттеме бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, жойылған немесе тоқтатылған болса, оны тануды тоқтатады.

(iii) Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру

Қаржы активтері

Егер қаржы активінің талаптары өзгеретін болса, Ұлттық Банк осындай түрлендірілген актив бойынша ақшалай қаражатының ағындары айтарлықтай өзгеше болатындығын бағалайды. Егер ақшалай қаражатының ағындары айтарлықтай өзгеше болса («талаптарды айтарлықтай түрлендіру»), шартта көзделген бастапқы қаржы активі бойынша ақшалай қаражатының ағындарына деген құқық тоқтатылды деп саналады. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады және жаңа қаржы активі есепте мәміле бойынша тиісті шығындарды қоса алғанда әділ құны бойынша танылады. Түрлендіру шеңберінде туындаған алынған комиссиялық сыйақы сомасы есепте төмендегідей танылады:

- жаңа активтің әділ құнын айқындау кезінде есепке алынатын комиссиялық сыйақы сомасы, сол сияқты мәміле бойынша тиісті шығындарды өтеуді білдіретін комиссиялық сыйақы сомалары осы активтің бастапқы бағасына енгізіледі; және
- комиссиялық сыйақының басқа да сомалары тануды тоқтатудан пайданың немесе зиянның бір бөлігі ретінде пайда немесе зиян құрамында танылады.

Қолда бар қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бойынша ақшалай қаражат ағындары шамасының өзгеруі егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болса, талаптардың түрленуі деп саналмайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржы активтері, жалғасы

Ұлттық Банк талаптардың түрленуі айтарлықтай болып табылатындығына қатысты сандық және сапалық бағалауды жүргізеді, яғни бастапқы қаржы активі бойынша ақшалай қаражат ағындары және түрлендірілген немесе оны алмастырған қаржы активі бойынша ақшалай қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болатындығын бағалайды. Ұлттық Банк сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, жағдайлардың түрленуінің маңыздылығы тұрғысынан сандық және сапалық бағалау жүргізеді.

Егер ақшалай қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болса, онда шартта көзделген бастапқы қаржы активі бойынша ақшалай қаражат ағындарына құқық тоқтатылды деп саналады. Бұл бағалауды жүргізу кезінде Ұлттық Банк осындай қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Ұлттық Банк талаптарды түрлендіру төмендегі сапалық факторлар негізінде айтарлықтай болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржы активі валютасын өзгерту;
- қамтамасыз ету түрін және активтің сапасын арттырудың басқару құралдарын өзгерту;
- SPPI өлшемшарттарына сәйкес келмеуге әкелетін қаржы активінің талаптарын өзгерту (мысалы, конвертация талаптарын қосу).

Егер түрлендіру контрагенттің/эмитенттің қаржылай қиындықтарына байланысты болса, осындай түрлендірудің мақсаты, әдетте, бастапқыдан айтарлықтай өзгеше болатын талаптармен жаңа активті құру (беру) емес, шарттың бастапқы талаптарына сәйкес активтің құнын барынша ықтимал сомада өтеу болып табылады.

Егер Ұлттық Банк қаржы активін қолданыстағы шартта көзделген ақшалай қаражат ағындарының бір бөлігін кешіруге әкелетіндей түрлендіруді жоспарласа, онда ол осы активтің бір бөлігін түрлендіруді жүргізгенге дейін есептен шығару қажеттілігін талдауға тиіс (төмендегі есептен шығаруға қатысты саясатты қараңыз). Бұл тәсіл сандық бағалау нәтижесіне ықпал етеді және осындай жағдайда тиісті қаржы активін тануды тоқтату үшін әдетте өлшемшарттар сақталмауына әкеледі. Ұлттық Банк талаптарды түрлендірудің айтарлықтай болуын сапалық бағалауды да жүргізеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржы активтері, жалғасы

Егер амортизациялық құны немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активінің талаптарын түрлендіру осы қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмесе, Ұлттық Банк осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, осы активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және туындаған айырманы пайда немесе зиян құрамында түрлендіруден пайда немесе зиян ретінде таниды. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы активтеріне қатысты түрлендіруден болатын пайда немесе зиянды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу кезінде ағымдағы нарықтық талаптарды көрсету үшін түзетіледі.

Осындай түрлендіру шеңберінде туындаған келтірілген шығындар немесе төленген комиссиялар мен алынған комиссиялық сыйақылар түрлендірілген қаржы активінің жалпы баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржы активінің қалған қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

Егер осындай түрлендіру контрагенттің/эмитенттің қаржылай қиындықтарына байланысты болса, тиісті пайда немесе зиян құнсыздануға болған зиян құрамында ұсынылады. Қалған жағдайларда тиісті пайда немесе зиян тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс құрамында ұсынылады (3(е) ескертпені қараңыз).

Қаржылық міндеттемелер

Ұлттық Банк қаржылық міндеттемелерді тануды оның талаптары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақшалай қаражат ағындарының шамасы айтарлықтай өзгерген кезде тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген талаптары бар жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады.

Алдыңғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен түрлендірілген талаптары бар жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер ондай болса, төленген өтемақы берілген қаржылық емес активтерді және жаңа түрлендірілген қаржылық міндеттемені қоса алғанда, қабылданған міндеттемелерді қамтиды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер

Ұлттық Банк сапалық факторларды, сандық факторларды және сандық және сапалық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, талаптардың елеулі түрленуі тұрғысынан сандық және сапалық бағалау жүргізеді.

Ұлттық Банк мына сапалық факторлардың:

- қаржылық міндеттеменің валютасын өзгерту;
- конвертациялау талабын қосу негізінде талаптарды түрлендіру айтарлықтай болып табылады деген қорытындыға келеді.

Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконталып, алынған комиссиялық сыйақыны шегергенд комиссиялық сыйақыны төлеуді қоса, жаңа талаптарға сәйкес ақшалай қаражат ағындарының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақшалай қаражат ағындарының дисконталып келтірілген құнынан кем дегенде 10%-ға ерекшеленетін болса, сандық бағалауды жүргізу мақсаты үшін талаптар айтарлықтай өзгеше деп саналады.

Егер қаржылық міндеттеменің талаптарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға әкелмесе, онда міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша ақшалай қаражаттың түрлендірілген ағындарын дисконттау арқылы қайта есептеледі және нәтижесінде туындаған айырма пайда немесе зиян құрамында түрлендіруден болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржылық міндеттемелерге қатысты түрлендіруден болатын пайда немесе зиянды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу кезінде ағымдағы нарықтық талаптарды көрсету үшін түзетіледі.

Түрлендіру шеңберінде туындаған келтірілген шығын немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу арқылы түрлендірілген қаржылық міндеттеменің қалған қолданыс мерзімі бойы амортизацияланады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану

4-ескертпені де қараңыз.

Ұлттық Банк күтілетін кредиттік зиянға арналған бағаланатын резервті пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын төмендегі қаржы құралдары бойынша таниды:

- борыштық құралдар болып табылатын қаржы активтері;
- қаржылық кепілдіктің шығарылған шарттары.

Үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсызданудан болатын зиян танылмайды.

Ұлттық Банк зиянға арналған резервтерді бүкіл мерзімдегі ККЗ-ға тең сомада бағалайды, оған танылатын резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік зиянға тең болатын мына құралдар:

- есепті күнгі жағдай бойынша төмен кредиттік тәуекелі бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- кредиттік тәуекелі оларды бастапқы тану кезінен бастап айтарлықтай көтерілмеген өзге қаржы құралдары (4-ескертпені қараңыз) қосылмайды.

Егер кредиттік рейтингі әлемде жалпы қабылданған «инвестициялық сапа» рейтингі анықтамасына сәйкес келсе, Ұлттық Банк борыштық инвестициялық бағалы қағазда төмен кредиттік тәуекел бар деп санайды.

12 айлық күтілетін кредиттік зиян – есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде ықтималды қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасы салдарынан болатын күтілетін кредиттік зиянның бір бөлігі. 12 айлық күтілетін кредиттік зиян танылатын қаржы құралдары «1-сатыдағы» қаржы құралдарына жатқызылады.

Толық мерзім бойынша күтілетін кредиттік зиян («Бүкіл мерзім үшін ККЗ») қолданысының күтілетін бүкіл мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша ықтималды барлық дефолт оқиғалары нәтижесінде ККЗ ретінде айқындалады.

Толық мерзім ішінде ККЗ танылатын қаржы құралдары «2-саты» (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел оны бастапқы тану кезінен бастап айтарлықтай көтерілсе, қаржы құралы кредиттік құнсызданған болып табылмайды) және «3-саты» (егер қаржы құралы кредиттік құнсызданған болып табылған жағдайда) қаржы құралдарына жатады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Күтілетін кредиттік зиянды бағалау

Күтілетін кредиттік зиян дефолттың туындау ықтималдығы деңгейі бойынша сараланған кредиттік зиянды есептік бағалауды білдіреді. Олар былайша бағаланады:

- есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтеріне қатысты: барлық күтілетін толық алынбаған ақшалай қаражаттың келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Ұлттық Банкке тиесілі ақша ағындары мен Ұлттық Банк алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма);
- есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік құнсызданған болып табылатын қаржы активтеріне қатысты: активтердің жалпы баланстық құны мен есептік болашақтағы ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма; және
- қаржы кепілінің шарттарына қатысты: Ұлттық Банк өтеу үшін күтіп отырған сомаларды шегере отырып оларға келтірілген кредиттік зиянды өтеу үшін шарт ұстаушысына күтілетін төлемдердің келтірілген құны ретінде.

Сонымен бірге 4-ескертпені қараңыз.

Қайта құрылымдалған қаржы активтері

Тараптардың келісімі бойынша қаржы активінің талаптарын немесе қаржы активі талаптарын түрлендіруді қайта қараған немесе контрагенттің/эмитенттің қаржы қиындықтары себепті қолданыстағы қаржы активін жаңасына ауыстырған жағдайда осы қаржы активін тануды тоқтату қажеттілігі мәніне қатысты бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік зиян былайша бағаланады:

- егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға әкелмесе, түрлендірілген қаржы активі бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін ағындары қолда бар актив бойынша ақшалай қаражаттың толық алынбаған сомасының есебіне енгізіледі (4-ескертпені қараңыз);

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Қайта құрылымдалған қаржы активтері, жалғасы

- егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға алып келсе, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны оның пайда болуын тоқтату кезінде қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражаттың түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолданыстағы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, тануды тоқтатудың күтілетін күнінен есепті күнге дейінгі кезең үшін дисконтталатын қолда бар қаржы активі бойынша ақшалай қаражатты толық алмау сомасының есебіне енгізіледі.

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Әрбір есепті күнге Ұлттық Банк амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық қаржы активтерін олардың кредиттік құнсыздануы тұрғысынан бағалауды жүргізеді. Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша ақшалай қаражаттың болашақ есептік ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға болған кезде «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Атап айтқанда, мын байқалатын деректер:

- контрагенттің немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін өткізіп алу сияқты шарт талаптарын бұзу;
- Ұлттық Банктің қарызды немесе аванстық төлемді Ұлттық Банк өзге жағдайларда қарамайтын талаптармен қайта құрылымдауы;
- контрагенттің ықтималды банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылуы туындауы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың болмауы қаржы активінің кредиттік құнсыздануының растауы болып табылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері, жалғасы

Егер шартта көзделген ақшалай қаражат ағындарын алмау тәуекелі айтарлықтай төмендеу және құнсызданудың басқа белгілері жоқтығы айғағы болмаса ғана қарыз алушының қаржылық жай-күйі нашарлауы салдарынан талаптары қайта қаралған кредит кредиттік-құнсызданған болып есептеледі. Бұдан басқа 90 күн немесе одан көп мерзімге мерзімі өткен кредиттер кредиттік-құнсызданған болып есептеледі.

Мемлекет борышкер болып табылатын мемлекеттік облигацияларға (өзге қаржы активтеріне) инвестицияларды кредиттік құнсыздану тұрғысынан бағалау кезінде Ұлттық Банк мына факторларды:

- облигациялардың кірістігінде көрсетілген кредитке төлем жасау қабілетін нарықтық бағалауды;
- рейтингтік агенттіктер орындаған кредитке төлем жасау қабілетін бағалауды;
- елдің жаңа борышты шығару үшін капитал нарығына қолжеткізу қабілетін;
- ұстаушылар борышты ерікті немесе мәжбүрлі кешіру нәтижесінде зиян шегіуіне әкелетін борышты қайта құрылымдау ықтималдығын;
- осындай елге «соңғы сатыдағы кредитор» ретінде қажетті қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін халықаралық қолдау көрсету тетіктерінің болуын, сондай-ақ жария мәлімдемелерінде мемлекеттік органдар мен ведомстволардың осы тетіктерді пайдалану ниетін қарайды. Бұл аталған тетіктер қолданысының тиімділігін және саяси ниетке қарамастан, талап етілетін өлшемшарттарға сәйкес келу қабілеті болуын бағалауды қамтиды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте күтілетін кредиттік зиянға бағалау резервін ұсыну

Күтілетін кредиттік зиянға арналған бағалау резервінің сомасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте мынадай түрде берілген:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері: осы активтердің жалпы баланстық құнының азаюы ретінде;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар: зиянға арналған бағалау резерві қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, өйткені осы активтердің баланстық құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда зиянға арналған бағалау резервінің шамасы әділ құнның өзгерістері резервінің құрамында ашылады және танылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Есептен шығару

Қарыздар мен борыштық бағалы қағаздар қаржы активін толық сомада немесе оның бір бөлігін өтеудің негізделген күтулері болмаған кезде есептен шығарылуға (ішінара немесе толық сомада) жатады. Әдетте, бұл Ұлттық Банк контрагентте есептен шығаруға жататын берешек сомасын өтеу үшін жеткілікті көлемде ақшалай қаражат ағындарын жинақтайтын активтер немесе кіріс көздері жоқ деп анықтаған жағдай. Бұл бағалау әрбір актив үшін жеке орындалады.

Бұрын есептен шығарылған сомаларды өтеу пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте «Өзге де операциялық кіріс» бабында көрсетіледі.

Есептен шығарылған қаржы активтеріне қатысты Ұлттық Банк тиесілі сомаларды өтеу жөніндегі саясатқа сәйкес берешекті өндіріп алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруды жалғастыра алады.

Қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылмайтын қаржылық кепілдік шарттары

Екінші деңгейдегі банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосу шарты «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес қаржылық кепілдік шарты ретінде, сондай-ақ «Қаржы құралдары: ақпарат ұсыну» ХҚЕС (IAS) 32 қолдану саласына жататын деп танылады.

Қаржылық кепілдік шарты – шығарған тарап борышқор борыш құралының бастапқы немесе қайта қаралған талаптарында белгіленген мерзімде төлем жасай алмауы нәтижесінде борышкер ұшыраған зиянды өтеу үшін борышкердің шартында көрсетілген контрагентке белгілі бір төлемдер жасауға міндетті болатын шарт. Осылайша, қатысушы банктің депозиторларына оның дефолты нәтижесінде кепілді өтемақы сомасын төлеу жөніндегі шартты міндеттемелер қаржылық кепілдік шарты болып табылады.

Бастапқы танылғаннан кейін қаржылық кепілдік шарты кейіннен мыналардың:

1) зиянға арналған бағалау резервінің сомасының және,

2) орынды болған жағдайда, «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IAS) 15-тің қағидаттарына сәйкес танылған кірістің жалпы сомасы шегеріп, бастапқы танылған соманың ең үлкен шамасы бойынша бағаланады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(iv) Құнсыздану, жалғасы

Қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылмайтын қаржылық кепілдік шарттары, жалғасы

Кепілді өтемақыны төлеу кепілдік берілетін қосылу шартының талаптарына сәйкес қатысушы банктің дефолты басталған кезде ғана жүзеге асырылады.

Күтілетін кредиттік зиян қаржылық жағдай туралы есепте міндеттемелердің тиісті шоттарындағы танылады. Кейіннен кез келген түзетулер пайда немесе зияның құрамында танылады.

Қатысушы банктің дефолты басталған кезде таратылатын банк бойынша қаржылық кепілдіктерді өтеу үшін есептелген резервтер сомасы жеткіліктілігі жағдайында кепілді өтемақыны төлеу жөніндегі міндеттемелердің шотына қайта сыныпталады. Жеткіліксіз болған жағдайда, қаржылық кепілдікті өтеу үшін резервтер шотына қосымша есептеледі, содан кейін кепілді өтемақыны төлеу жөніндегі міндеттемелер шотына қайта сыныпталады.

(vi)) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Кері сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісімдер шеңберінде сатылған бағалы қағаздар (бұдан әрі «РЕПО» мәмілелері») бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрініс табады, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке жолмен «РЕПО» мәмілесі ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық шығыс болып табылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар (бұдан әрі – «кері РЕПО» мәмілелері) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке жолмен «кері РЕПО» мәмілелері ретінде көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «кері РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ж) Қаржы құралдары, жалғасы

(vii) Туынды құралдар

Туынды құралдар «СВОП» мәмілелерін, форвардтық келісімшарттар мен фьючерстік мәмілелерді және пайыздық мөлшерлемелерге, шетел валютасына, бағалы металдар мен бағалы қағаздарға опцион мәмілелерін, сондай-ақ бұрын аталған құралдардың кез келген үйлесімін қамтиды.

Туынды құралдар бастапқыда мәміле жасалған күнгі әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен әділ құны бойынша қайта бағаланады. Барлық туынды құралдар, егер олардың әділ құны оң болса, активтер ретінде және олардың әділ құны теріс болса, міндеттемелер ретінде көрсетіледі.

Туынды құралдардың әділ құнының өзгеруі дереу пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Ұлттық Банк тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында туынды құралдармен сауда операцияларын жүзеге асыратынына қарамастан, көрсетілген операциялар хеджирлеу операцияларын есепке алу қағидаларын қолдану үшін өлшемшарттарға жауап бермейді.

(viii) Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Ұлттық Банктің қаржы активтері мен міндеттемелері, егер бұл үшін заңдық негіздер болса және тараптардың өзара есеп айырысу арқылы берешекті реттеу немесе активті сату және міндеттемені бірмезгілде орындау ниеттері болған жағдайда, өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте салыстырылған түрде көрсетіледі.

(з) Айналыстағы ақша

Айналыстағы ақша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте олардың номиналды құны бойынша көрсетіледі.

Айналыстағы ақша Ұлттық Банктің коммерциялық банктерге берген міндеттемелері ретінде есепке алынады. Сақтау орындары мен кассадағы ұлттық валютадағы банкноттар мен монеталар айналыстағы ақша құрамына енгізілмеген.

Банкноттар мен монеталарды шығару шығыстары күзет, тасымалдау, сақтандыру шығыстарын және басқа да шығыстарды қамтиды. Банкноттар мен монеталарды шығару шығыстары олардың резервтік қорларға есептелуіне қарай танылады және пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте жеке баппен көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(и) Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің «Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер» бабында:

- банктерге берілген қарыздар, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын банктердегі шоттар мен депозиттер (3(з)(i)) ескертпені қараңыз); олар бастапқыда әділ құны бойынша плюс мәміле бойынша қосымша тікелей шығын және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- SPPI өлшемшартына сәйкес келмеу себебі бойынша пайда немесе зиян арқылы міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын банктерге берілген қарыздардың (3(з)(i)) ескертпені қараңыз) өзгерістері пайда немесе зиян құрамында дереу танылатын әділ құны бойынша бағаланады.

(к) Инвестициялық бағалы қағаздар

«Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағаланатын басқарудағы қаржы құралдары», «Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар», «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар» баптарында ұсынылған инвестициялық бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте мыналарды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды (3(з)(i)) ескертпені қараңыз); олар бастапқыда әділ құны бойынша плюс мәміле бойынша қосымша тікелей шығындар және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- пайда немесе зиян арқылы міндетті түрде әділ құн бойынша бағаланатын немесе Ұлттық Банктің қалауы бойынша осы санатқа сыныпталатын борыштық және үлестік инвестициялық бағалы қағаздарды (3(з)(i)) және (з)(v)) ескертпелерді қараңыз) ; олар өзгерістері пайда немесе зиян құрамында дереу танылатын әділ құн бойынша бағаланады;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды (3(з)(i)) ескертпені қараңыз); және
- Ұлттық Банктің ұйғаруы бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына сыныпталатын үлестік инвестициялық бағалы қағаздарды (3(з)(i)) ескертпені қараңыз) білдіреді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(л) Банктердің және басқа да қаржы институттарының депозиттері, шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Банктердің және өзге де қаржы институттарының депозиттері, шығарылған борыштық бағалы қағаздар бастапқыда мәміле бойынша тиісті шығындар шегеріле отырып, әділ құны бойынша және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар мәміле жасалған күні бухгалтерлік есепте танылады.

(м) Кепілдік берудің арнайы резерві

2015 жылғы 24 қарашадағы жағдай бойынша түзетулерімен қоса «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚҰБ еншілес ұйымы, «ҚДКБҚ» АҚ қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, қатысушы банктердің салымшыларына белгілі бір деңгейге дейін соманы өтеуге міндетті. Ұлттық Банк депозиттерге кепілдік беру жоспарына қатысатын банктердің жарналарын жинақтау мақсатында арнайы кепілдік беру резервін құрады.

(н) Басқарудағы активтер

Ұлттық Банк кастодиандық қызметтерді ұсынады, оның нәтижесінде үшінші тараптардың атынан активтерді иеленеді. Аталған активтер мен олар бойынша кіріс шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілмеді, себебі бұл активтер Ұлттық Банкке тиесілі емес. Қызметтің осы түрінен алынатын комиссиялық сыйақылар пайда немесе зиян құрамындағы комиссиялық кіріс құрамында берілді.

(о) Негізгі құрал-жабдықтар

(і) Меншікті активтер

Негізгі құрал-жабдықтардың объектілері бұдан әрі сипатталғандай қайта бағаланған құны бойынша көрсетілетін ғимараттарды, құрылыстарды, жер учаскілерін және автокөлік құралдарын қоспағанда, жинақталған амортизациясын және құнсыздануын болған зиянды шегере отырып, нақты шығын бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(o) Негізгі құрал-жабдықтар, жалғасы

(i) Меншікті активтер, жалғасы

Егер негізгі құрал-жабдықтар объектісі тиімді пайдаланудың түрлі мерзімі бар бірнеше құрамдастардан тұратын болса, мұндай құрамдастар негізгі құрал-жабдықтардың жекелеген объектілері ретінде көрсетіледі.

(ii) Қайта бағалау

Ғимараттар, құрылыстар, жер телімдері және автокөлік құралдары бес жылда бір рет және баланстық құнының әділ құнынан айтарлықтау айырмашылықтары (25%-дан астам) болса қайта бағалануы тиіс. Ғимараттардың, құрылыстардың, жер телімдерінің және автокөлік құралдарының құнын қайта бағалау нәтижесінде ұлғаю пайда немесе зиян құрамында көрсетілген объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы төмендетуді өтеу орын алған жағдайларын қоспағанда, өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайда мен зиян құрамында көрсетіледі.

Ғимараттардың, құрылыстардың, жер телімдерінің және автокөлік құралдарының құнын қайта бағалау нәтижесінде төмендеу өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы ұлғаю есептен шығарылған жағдайларды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

(iii) Амортизация

Негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизация оларды пайдалы қолданудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. Банкноттар мен монеталарды өндіру үшін «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» РМК және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» РМК пайдаланатын жабдықтардың амортизациясы жекелеген активтердің күтілетін өнімділігі негізінде өнімнің өлшем бірлігі әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(о) Негізгі құрал-жабдықтар, жалғасы

(iii) Амортизация, жалғасы

Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілімен тұрғызылған негізгі құрал-жабдықтар объектілері үшін – объектінің құрылысы аяқталған және ол пайдалануға дайын болған кезден бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша амортизация есептелмейді. Негізгі құрал-жабдықтардың әртүрлі объектілерін тиімді пайдалану мерзімі мынадай ұсынылуы мүмкін:

Ғимараттар мен құрылыстар	1 жылдан 100 жылға дейін;
Жиһаз және жабдықтар	5 жылдан 25 жылға дейін;
Компьютерлік жабдық	3 жылдан 8 жылға дейін;
Көлік құралдары	7 жылдан 25 жылға дейін.

(п) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған зиянды шегере отырып, нақты шығындар бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды тиімді пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі. Материалдық емес активтерді тиімді пайдалану мерзімі 1 жылдан 10 жылға дейін өзгереді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(р) Активтердің құнсыздануы

Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен өзгеше қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерінің болуы мәніне әрбір есепті күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату шығыстарын және пайдаланудан түскен құндылықтарды шегергендегі әділ құнның ең үлкен шамасы болып табылады. Пайдаланудан түскен құндылықтарды айқындау кезінде ақшалай қаражаттың болжамды болашақ ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы кезге келтірілген құнына дисконталады. Ақшалай қаражаттың ағынын жинақтайтын актив үшін басқа активтермен жинақталатын ақшалай қаражаттың ағындарына айтарлықтай тәуелсіз өтелетін құн актив тиесілі ақшалай қаражатты жинақтайтын активтер тобы бойынша айқындалады.

Құнсызданудан болған зиян активтің немесе ақшалай қаражатты жинақтайтын активтер тобының баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық зиян пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі және егер өтелетін құнды айқындау кезінде пайдаланылатын бағаларда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады. Активтің құнсыздануынан болған кез келген зиян активтің баланстық құны егер құнсыздануға болған зиян шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмеген болса қалыптасатын осындай баланстық құнынан (амортизацияны шегергенде) аспайтын көлемде қалпына келтірілуге жатады.

(с) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

Ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында Ұлттық Банк аккредитивтер мен кепілдіктерді қамтитын кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

Қаржылық кепілдіктер – бұл Ұлттық Банкті белгілі бір дебитор төлемді борыштық құралдың талаптарымен айқындалған мерзімде жүзеге асыра алмауының нәтижесінде қаржы кепілдігін ұстаушыға келтірілген залалды өтейтін белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруға міндеттейтін шарттар.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер, жалғасы

Шығарылған қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Кейіннен олар екі шаманың ең көбі бойынша: ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес айқындалған зиянға арналған бағалау резервінің сомасы (3(з)(iv) ескертпені қараңыз) және тиісті жағдайларда ХҚЕС (IFRS) 15 қағидаттарына сәйкес танылған кірістің жинақталған сомасын шегергенде бастапқы танылған сомасы бойынша бағаланады.

(т) Салық салу

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ табыс салығы мен қосылған құн салығын төлеуден босатылған.

ҚҰБ-ның еншілес және қауымдасқан ұйымдары салықтың барлық түрі бойынша салық төлеушілер болып табылады.

Табыс салығының сомасы ағымдағы салық сомасын және кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға немесе тиісінше өзге жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілетін тікелей капитал шоттарында көрсетілетін меншік иелерімен жасалатын операцияларға жататын сомаларды қоспағанда, пайданың немесе зиянның құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сондай-ақ өткен есепті жылдардағы табыс салығының сомасын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомасын ескере отырып, бір жылдағы салық салынатын пайданың болжамды мөлшері негізге алына отырып есептеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(т) Салық салу, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаты үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақытша айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мынадай уақыт айырмаларына қатысты: шоғырландырылған қаржылық есептілікте гудвилді көрсетуге байланысты және салық салынатын базаны азайтпайтын айырмалар, бастапқы көрсету фактісі бухгалтерлікке де, сол сияқты салық салынатын пайдаға да әсер етпейтін активтер мен міндеттемелерге қатысты айырмалар; сондай-ақ еншілес ұйымдарға инвестицияларға байланысты уақытша айырмалар, бас кәсіпорынның көрсетілген айырмаларды іске асыру уақытын бақылау мүмкіндігі болған және осы уақыт айырмалары таяу болашақта іске асырылмайтынына сенімділік болған жағдайда танылмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеу Ұлттық Банк есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеуді немесе орнын толтыруды жоспарлайтын тәсілге байланысты салықтық салдарды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе қолданысқа енгізілген заңдарға негізделе отырып, уақытша айырмаларды қалпына келтіру кезінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелеріне сүйене отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта уақытша айырмашылықтарды, салықтар бойынша қабылданбаған шығыстарды және пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда алу ықтималдығы бар шамада көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің мөлшері шегерілетін уақытша айырмашылықтарды пайдалануға болатын салық салынатын пайданы алу ықтималдығы жоқ дәрежеде азаяды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(у) Сегменттік есептілік

Ұлттық Банктің қызметі «Операциялық сегменттер» 8 ХҚЕС (IFRS) мақсаттары үшін бір операциялық сегментті білдіреді. Операциялық сегмент Ұлттық Банк кіріс алатын не шығыстар (Ұлттық Банктің басқа да компоненттерімен операцияларға қатысты кірістер мен шығыстарды қоса алғанда) шығаратын коммерциялық қызметке тартылған, қызметінің нәтижелерін сегменттер арасында ресурстарды бөлу кезінде және қаржылық активтерді бағалау кезінде операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты тұлға үнемі талдайтын және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді болатын Ұлттық Банктің құрамдауышын білдіреді.

(ф) Жалдау

Ұлттық Банк шарт жасасу кезінде шарттың жалдау шарты екендігін немесе онда жалдаудың жекелеген құрамдас бөліктері қамтылуын бағалайды. Егер осы шарт бойынша сәйкестендірілген активті белгіленген кезең ішінде өтемақы орнына пайдалануды бақылау құқығы берілсе, шарт тұтастай алғанда немесе оның жекелеген құрамдас бөліктері жалдау шарты болып табылады. Ұлттық Банк шарт бойынша сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығы берілуін бағалау үшін ХҚЕС (IFRS) 16 жалдау анықтамасын қолданады.

Ұлттық Банк жалға алушы болып табылатын жалдау шарттары

Жалдаудың құрамдас бөлігі бар шартты жасасқан немесе өзгерткен кезде Ұлттық Банк оны жеке сатудың салыстырмалы бағасы негізінде шарт бойынша өтемақыны жалдаудың әрбір құрамдас бөлігіне бөледі. Ұлттық Банк пайдалану құқығы нысанындағы активті және жалдау бойынша міндеттемені жалдаудың басталған күні таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда бастапқы құны бойынша бағаланады, онда жалдау бойынша кез келген ынталандыру төлемдері шегеріліп, жалға алу күні немесе жалға алу басталу күніне дейін жүзеге асырылған жалдау төлемінің кез келген мөлшеріне түзетілген жалдау бойынша міндеттемелердің бастапқы сомасы, кез келген шеккен бастапқы тікелей шығын және базалық активтің демонтажы мен орнын ауыстыру немесе базалық активті немесе ол орналасқан учаскені қалпына келтіру шығынының бағалық мәні қосылып қамтылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(ф) Жалдау, жалғасы

Ұлттық Банк жалға алушы болып табылатын жалдау шарттары

Ұлттық Банк жалдау нәтижесінде базалық активке меншік құқығын жалдау мерзімінің соңына қарай алатын немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны Банктің сатып алуға опционды іске асыру мүмкіндігін көрсететін жағдайларды қоспағанда, пайдалану құқығы нысанындағы актив кейіннен жалдау мерзімі басталған күннен бастап ол аяқталғанға дейін жүйелік әдіспен амортизацияланады. Бұл жағдайда пайдалану құқығы нысанындағы актив негізгі құрал-жабдықтарды пайдалану нәтижесінде алынған актив сияқты дәл сондай негізде анықталатын базалық активті тиімді пайдалану мерзімі бойы амортизацияланады. Сонымен қатар, пайдалану құқығы нысанындағы актив сомасы, егер ондайлар бар болса, құнсызданудан болатын зиян шамасына кезең-кезеңімен азаяды және жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауды ескере отырып түзетіледі.

Жалдау бойынша міндеттеме басында жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені немесе егер осындай мөлшерлемені анықтау оңайға түспесе, Ұлттық Банктің қосымша қарыз құралдарын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып, дисконтталған, сол күні әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Әдетте, Ұлттық Банк дисконттау мөлшерлемесі ретінде өзінің қосымша қарыз құралдарын тарту мөлшерлемесін пайдаланады.

Ұлттық Банк өзінің қосымша қарыз қаражатын тартудың мөлшерлемесін түрлі сыртқы және ішкі қаражат көздерінен пайыздық мөлшерлемелерді алу арқылы айқындайды және қажеттілігі кезінде жалдау талаптары мен жалдайтын актив түрін көрсету үшін белгілі бір түзетулер енгізеді.

Жалдау бойынша міндеттеме амортизацияланған құны бойынша бағаланады, ол пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі. Ол, егер Ұлттық Банктің сатып алуға, жалдауды ұзартуға немесе тоқтатуға опцион пайдалануына қатысты бағалауы өзгерген жағдайда немесе мәні бойынша қайта қаралған белгіленген жалдау төлемдері болуы кезінде Ұлттық Банктің қалдық құнының кепілі бойынша төленуге тиіс күтілетін соманы бағалауы өзгерсе, индекс немесе мөлшерлеме өзгеруі нәтижесінде болашақ жалдау төлемдері өзгерген кезде қайта бағаланады.

Жалдау бойынша міндеттеме осылайша қайта бағаланса, тиісті түзету, егер пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құны нөлге дейін азайтылса, пайдалану құқығы түрінде активтің баланстық құнына енгізіледі немесе пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(х) Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Бірқатар жаңа стандарттар мен стандарттарға берілген түзетулер мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Алайда ҚҰБ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын өтпеді.

Өзге стандарттар

Мынадай стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсіндірулер Ұлттық Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтіледі:

- Ауыртпалық салу шарттары – шартты орындауға арналған шығындар (ХҚЕС (IAS) 37-ге түзетулер).
- Бір Мәміле салдарынан туындайтын, Активтер мен Міндеттемелерге жатқызылатын кейінгі қалдырылған салық (ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер).
- 2021 жылғы 30 маусымнан кейінгі кезеңге қатысты COVID-19 пандемиясына байланысты жалға беру бойынша жеңілдіктер (ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзетулер).
- Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер («Негізгі құралдар» ХҚЕС (IAS) 16-ға түзетулер).
- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелер (ХҚЕС (IFRS) 3-ке түзетулер).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде сыныптау (ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулер).
- «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17.
- Есеп саясатын жария ету (ХҚЕС (IAS) 1-ге және ХҚЕС бойынша 2-ші практикалық ұсынымдарға түзетулер).
- Бухгалтерлік бағалауды айқындау (ХҚЕС (IAS) 8-ге түзетулер).

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

Осы ескертпеде Ұлттық Банктің қаржылық тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы ақпарат берілген. Ұлттық Банк қолданатын қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты туралы ақпарат 37-ескертпеде берілген.

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік зиян сомасы

Құнсыздануды бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректер, шектеулер мен әдістер

3(з)(iv) ескертпедегі есеп саясатының сипаттамасын қараңыз.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің алғашқы танылған кезінен бастап айтарлықтай артуы орын алу-алмағанын бағалау кезінде Ұлттық Банк шамадан тыс шығынсыз немесе күш-жігерсіз орынды және қолжетімді негізделген және расталған ақпаратты қарайды. Бағалауда сандық, сондай-ақ сапалы ақпарат, сондай-ақ Ұлттық Банктің тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапа мен болжамды ақпаратты сараптамалық бағалауға негізделген талдау қамтылады.

Бағалау мақсаты салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияға қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алған алмағанын анықтау болып табылады:

- есепті күнгі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы; және
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияны бастапқы тану кезінде анықталған уақыттың осы кезіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы.

Қаржы құралын бастапқы тану кезінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір артуын бағалау құралды бастапқы тану күнін анықтауды талап етеді.

Ұлттық Банк кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғанын анықтау үшін екі негізгі өлшемшартты пайдаланады:

- сандық өлшемшарттар;
- сапалық белгілер.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік зиян сомасы, жалғасы
Кредиттік тәуекел градациясының (рейтингтерінің) деңгейлері

Ұлттық Банк кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияны дефолт тәуекелін болжау үшін айқындалатын әртүрлі деректер негізінде, сондай-ақ кредит бойынша сараптамалық пікірді қолдану арқылы кредиттік тәуекел деңгейлері арасында бөледі. Ұлттық Банк ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін анықтау үшін кредиттік тәуекелдің осы деңгейлерін пайдаланатын болады. Кредиттік тәуекел деңгейлері дефолт тәуекелін көрсететін сапалық және сандық факторларды пайдалана отырып анықталады. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның сипатына және контрагенттің түріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекел нашарлауына қарай экспонент бойынша дефолттың басталу тәуекелі өсетіндей етіп айқындалады және түрленеді – мәселен, кредиттік тәуекелдің 1 және 2-рейтингтерінің арасындағы айырма кредиттік тәуекелдің 2 және 3-рейтингтерінің арасындағы айырмаға қарағанда аз болады.

Кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позиция қолда бар ақпарат және халықаралық рейтингтік агенттіктердің деректері бойынша берілген сыртқы рейтинг негізінде бастапқы тану күніне кредиттік тәуекелдің белгілі бір деңгейіне жатады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар тұрақты мониторингке жатады, бұл бастапқы тану кезінде кредиттік тәуекел рейтингінен өзгеше рейтинг позициясын беруге әкелуі мүмкін. Мониторингте әдетте мына деректер:

- кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректерін, баспасөздегі жарияланымдарды, сыртқы кредиттік рейтингтердің өзгеруі туралы ақпаратты;
- контрагенттер туралы ақпаратты мерзімдік негізде талдау нәтижесінде алынған ақпаратты – мәселен, аудиттелген қаржылық есептілікті, басқарушылық есептілікті, бюджеттерді, болжамдар мен жоспарларды;
- мерзімі өткен берешектің мәртебесі туралы ақпаратты қоса алғанда, төлемдер туралы ақпаратты;
- егер осы ақпарат қолжетімді болса, эмитенттер облигацияларының және кредиттік дефолт СВОПтарының баға белгілеулерін;
- қаржылық, экономикалық талаптардың және қызметті жүзеге асыру талаптарының ағымдағы және болжамды өзгерістерін;
- контрагент қызметін немесе оның шаруашылық қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасында нақты және күтілетін елеулі өзгерістерді талдау көзделеді.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік зиян сомасы, жалғасы
Дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру кезінде негізгі бастапқы деректер болып табылады. Ұлттық Банк өңірдің, контрагенттің түріне байланысты, сондай-ақ кредиттік тәуекелдің рейтингісіне байланысты талданатын берешекке қызмет көрсету сапасы мен кредиттік тәуекелге ұшырағыш позицияларға қатысты дефолт деңгейі туралы мәліметтерді жинайды. Ұлттық Банк, негізінен, сыртқы кредиттік рейтингтік агенттіктерден алынған ақпаратты пайдаланады.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі орын алғанын - алмаған айқындау

Әрбір есепті күні Ұлттық Банк бастапқы тану кезінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы орын алғанын бағалайды. Кредиттік тәуекелдің едәуір артуы мәніне бағалау қаржы құралының сипаттамаларына, қарыз алушының түріне және географиялық аймаққа байланысты.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы – қаржы активін бастапқы тану күні кредиттік рейтингтің деңгейіне қатысты қаржы активінің кредиттік рейтингісінің екі сатыға өзгеруі және (немесе) шарт талаптарының бұзылу фактілерін анықтау және (немесе) Ұлттық Банк алдындағы міндеттемелерді күнтізбелік отыз күннен бастап сексен тоғыз күнге дейін орындау мерзімі бар мерзімі өткен төлемдердің болуы.

«Дефолт» ұғымын айқындау

Ұлттық Банк қаржы активін мына:

- контрагенттің/эмитенттің Ұлттық Банк алдындағы кредиттік міндеттемелері Ұлттық Банктің қамтамасыз етуді (ол бар болса) іске асыру сияқты іс-әрекеттерді қолданусыз толық көлемде өтелетіні күмәнді;
- Ұлттық Банктің елеулі кредиттік міндеттемелерінің кез келгені бойынша контрагенттің берешегі 90 күннен астам мерзімі өткен жағдайларда дефолт оқиғасы болған қаржы активтеріне жатқызады.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік зиян сомасы, жалғасы
«Дефолт» ұғымын айқындау, жалғасы

Контрагенттің/эмитенттің міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде Ұлттық Банк мынадай факторларды:

- сапалық – мәселен, шарттың шектеу талаптарын бұзуды («ковенанттар»);
- сандық – мәселен, мерзімі өткен берешек мәртебесі және Ұлттық Банк алдындағы басқа міндеттемелер бойынша сол эмитенттің төлемеуді; сондай-ақ
- жеке және сыртқы көздерден алынған өзге де ақпаратты ескереді.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы мән-жайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

Болжамды ақпаратты қосу

Ұлттық Банк болжамды ақпаратты қаржы құралын бастапқы тану кезінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір өсуі тұрғысынан бағалауға да және күтілетін кредиттік зиянды бағалауға да қосады.

Ұлттық Банк контрәріптестердің/бағалы қағаздар эмитентінің ағымдағы рейтингіне негізделген PD болжамды мәнін түзетуді есептеу кезінде қаржы активінің әрбір елі бойынша макроэкономикалық талдауды және халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Rating Outlook) болжамын пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді және кредиттік зиянды бағалауға әсер ететін негізгі факторлардың тізбесін айқындайды.

Макроэкономикалық талдау жұмыссыздықтың, елдің жалпы ішкі кірісінің өзгеру болжамдары туралы деректердің, энергетикалық және энергетикалыққа жатпайтын индекстердің, елдер акциялары индексінің және Ұлттық Банктің қаржы активтерінің жалпы портфелінде кредиттік рейтингі төмендетілген қаржы активтері үлесінің өзгеру деректері негізінде жүзеге асырылады.

Қаржылық активтің әрбір елі бойынша макроэкономикалық талдау TTC (Through-the-Cycle PD) дефолт ықтималдығының көрсеткіштерін PIT (Point-in-Time PD) дефолт ықтималдығының көрсеткіштеріне трансформациялау кезінде ескеріледі.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік зиян сомасы, жалғасы
Болжамды ақпаратты қосу, жалғасы

Мемлекет / Көрсеткіш	Дерек көзі	2022	2023	2024	2025	2026
Қазақстан						
ЖІӨ-нің өсуі	IMF	4%	6%	4%	3%	4%
	S&P	4%	4%	4%	4%	4%
	World Bank	4%	5%	5%	5%	5%
Жұмыссыздықтың өсуі	IMF	-2%	0%	0%	0%	0%
	S&P	0%	0%	0%	0%	0%
Басқа мемлекеттер						
ЖІӨ-нің өсуі	IMF	1%-дан 9% дейін	1%-дан 7% дейін	1%-дан 7% дейін	1%-дан 7% дейін	1%-дан 7% дейін
	S&P	-1%-дан 8% дейін	0%-дан 7% дейін	0%-дан 7% дейін	0%-дан 7% дейін	0%-дан 7% дейін
	World Bank	2%-дан 8% дейін	1%-дан 6% дейін	1%-дан 6% дейін	1%-дан 6% дейін	1%-дан 6% дейін
Жұмыссыздықтың өсуі	IMF	-35%-дан 13% дейін	-14%-дан 5% дейін	-9%-дан 3% дейін	-7%-дан 3% дейін	-9%-дан 6% дейін
	S&P	-36%-дан 6% дейін	-25%-дан 1% дейін	-22%-дан 13% дейін	0%	0%
Барлық елдер үшін пайдаланылатын көрсеткіштер		2022	2023	2024	2025	2026
Энергетикалық индекстің өзгеруі	World Bank	1%	-15%	-2%	-2%	-2%
Энергетикалық емес индекстің өзгеруі	World Bank	-4%	-5%	-4%	-1%	-1%

Түрлендірілген қаржы активтері

Шартта көзделген қарыз бойынша талаптар нарықтық жағдайлардың өзгеруін және контрагенттің кредитке қабілеттілігінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауына байланысты емес басқа да факторларды қоса алғанда, бірқатар себептер бойынша түрленуі мүмкін. Талаптары түрлендірілген қазіргі қарыз есебінде тану тоқтатылуы және 3(з)(iii) Ескертпеде сипатталған есептік саясатқа сәйкес әділ құны бойынша түрлендірілген талаптары бар жаңа қарыз есебінде тану көрсетілуі мүмкін.

Егер қаржы активінің талаптары өзгерсе және талаптардың түрленуі қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмесе, қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы орын алған алмағанын анықтау мыналарды:

- шарттың түрлендірілген талаптары негізінде есепті күнгі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын; және
- шарттың бастапқы талаптары негізінде қаржы активін бастапқы тану кезінде дәл осы уақытқа қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын салыстыру арқылы жүргізіледі.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік зиян сомасы, жалғасы
Түрлендірілген қаржы активтері, жалғасы

Қарыз талаптарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға әкеп соққан кезде жаңа танылған қарыз 1-кезеңге жатады (ол тану күні кредиттік құнсызданған қарыз болып табылмайтын жағдайда).

Күтілетін кредиттік зиянды бағалау

Күтілетін кредиттік зиянды бағалау кезінде мынадай айнымалы шамалардың:

- дефолт ықтималдығының (PD);
- дефолт жағдайындағы зиян көлемінің (LGD); және
- дефолт жағдайындағы тәуекел сомасының (EAD) уақытша құрылымы негізгі бастапқы деректер болып табылады.

Дефолт ықтималдығын (PD) бағалау S&P рейтингтік агенттігінің және эмитенттің/контрәріптестің экономика секторының және S&P Global Market Intellegence LLC сатып алынған кредиттік рейтингтер беру моделінің ақпараты негізінде есептелетін белгілі бір күндегі бағаларды білдіреді. Егер контрагент немесе кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция рейтинг деңгейлері арасында ауысатын болса, бұл дефолттың тиісті ықтималдығын бағалауда өзгерістерге алып келеді

Дефолт жағдайындағы зиянның шамасы (LGD) дефолт жағдайындағы ықтимал зиянның шамасын білдіреді. Ұлттық Банк «Bloomberg» жүйесінің және S&P Global Market Intellegence LLC сатып алынған дефолт кезінде күтілетін шығындардың мәндерін беру моделінің ақпаратын негізге ала отырып, LGD көрсеткіштерін бағалайды.

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндарға арналған резервтерді есептеу мақсаттары үшін рейтингтік агенттіктердің консервативтік рейтингтік бағасы, яғни Moody's, Fitch және S&P халықаралық рейтингтік агенттіктерінің деректері бойынша ең аз рейтингтік бағасы пайдаланылады. Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зиян күтілетін кредиттік зиянның болжамды модельдері негізінде айқындалады.

Дефолт тәуекеліне ұшыраған талаптар шамасы (EAD) ECL есептеу күніне өтелмеген талаптардың оң баланстық құнын білдіреді.

Бұл көрсеткішті Ұлттық Банк ағымдағы EAD шамасын және оның шарт бойынша жол берілетін ықтимал өзгерістерін негізге ала отырып есептейтін болады. Қаржы активі үшін дефолт жағдайында жалпы баланстық құн EAD шамасы болып табылады.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау, жалғасы

Бірінші себеттегі қаржы активтері үшін PD көрсеткіштері 12 айға есептеледі.

Екінші себеттегі қаржы активтері үшін PD және LGD көрсеткіштерін бағалау мақсатында қаржы активінің бүкіл мерзіміне PD мәні пайдаланылады.

Үшінші себеттегі қаржы активтері үшін PD көрсеткіштері 100%-дық мәнге теңестіріледі.

Кредиттік сапаны талдау

Келесі кестелерде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттардың, қарыздар мен депозиттердің, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың, сатып алынған қарыздар және басқа активтердің құрамына кіретін қысқа мерзімді дебиторлық берешек бойынша талаптардың кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, қаржы активтері бойынша сома кестеде жалпы баланстық құнның шамасын көрсетеді.

	2021 жылғы 31 желтоқсан			
мың теңге	**1-саты**	**2-саты**	**3-саты**	**Барлығы**
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер				
«AAA» кредиттік рейтингі бар	179,347,990	-	-	179,347,990
«AA»-тен «AA+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	1,296,052,956	4,433,850	-	1,300,486,806
«A-»-тен «A+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	159,399,036	-	-	159,399,036
«BBB-»-тен «BBB+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	856,996,771	-	-	856,996,771
«BB-»-тен «BB+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	86,749,813	-	-	86,749,813
«B-»-тен «B+»-ға дейінгі кредиттік рейтингі бар	137,023,501	-	-	137,023,501
Берілген кредиттік рейтингі жоқ*	175,675,559	-	44,107,393	219,782,952
Жалпы баланстық құны	**2,891,245,626**	**4,433,850**	**44,107,393**	**2,939,786,869**
Зиянға арналған бағалау резерві	**(8,126,659)**	**(403)**	**(41,324,717)**	**(49,451,779)**
Баланстық құны	**2,883,118,967**	**4,433,447**	**2,782,676**	**2,890,335,090**

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2021 жылғы 31 желтоқсан			
мың теңге	**1-саты**	**2-саты**	**3-саты**	**Барлығы**
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
«ААА» кредиттік рейтингі бар	115,506,177	-	-	115,506,177
«АА-»-тен «АА+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	757,041,536	3,125,823	-	760,167,359
«А-»-тен «А+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	476,944,258	22,432,179	-	499,376,437
«ВВВ-»-тен «ВВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	1,001,688,457	85,326,018	-	1,087,014,475
«ВВ-»-тен «ВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	20,440,543	2,477,268	-	22,917,811
Баланстық құны	**2,371,620,971**	**113,361,288**	**-**	**2,484,982,259**
Зиянға арналған бағалау резерві	**(280,376)**	**(581,549)**	**-**	**(861,925)**
Баланстық құны – әділ құны**	**2,371,620,971**	**113,361,288**	**-**	**2,484,982,259**
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
«ААА» кредиттік рейтингі бар	57,703,071	-	-	57,703,071
«А+» кредиттік рейтингі бар	103,397,484	-	-	103,397,484
«ВВВ-»-тен «ВВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	952,116,828	-	-	952,116,828
«ВВ-»-тен «ВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	80,356,131	-	-	80,356,131
Жалпы баланстық құны	**1,193,573,514**	**-**	**-**	**1,193,573,514**
Зиянға арналған бағалау резерві	**(224,026)**	**-**	**-**	**(224,026)**
Баланстық құны	**1,193,349,488**	**-**	**-**	**1,193,349,488**

.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2021 жылғы 31 желтоқсан			
мың теңге	**1-саты**	**2-саты**	**3-саты**	**Барлығы**
Сатып алынған қарыздар бойынша талаптар				
«BB+» кредиттік рейтингі бар	462,465,123	700,945	101,558	463,267,626
«B+» кредиттік рейтингі бар	14,578,875	45,191	-	14,624,066
«B» кредиттік рейтингі бар	332,982,914	238,576	59,894	333,281,384
Жалпы баланстық құны	**810,026,912**	**984,712**	**161,452**	**811,173,076**
Зияндарға арналған бағалау резерві	**(11,249)**	**(136)**	**(9,837)**	**(21,222)**
Баланстық құны	**810,015,663**	**984,576**	**151,615**	**811,151,854**

	2020 жылғы 31 желтоқсан			
мың теңге	**1-саты**	**2-саты**	**3-саты**	**Барлығы**
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер				
«AAA» кредиттік рейтингі бар	876,811,611	-	-	876,811,611
«AA-»-тен «AA+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	1,938,016,887	5,519,290	-	1,943,536,177
«A-»-тен «A+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	132,218,515	-	-	132,218,515
«BBB-»-тен «BBB+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	753,136,673	51,505	-	753,188,178
«BB-»-тен «BB+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	252,140,620	15,391	-	252,156,011
«B-»-тен «B»-ға дейінгі кредиттік рейтингі бар	245,403,913	-	-	245,403,913
«CCC-»-тен «CCC+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	-	-	14,088,019	14,088,019
Берілген кредиттік рейтингі жоқ*	135,767,657	-	33,105,332	168,872,989
Жалпы баланстық құны	**4,333,495,876**	**5,586,186**	**47,193,351**	**4,386,275,413**
Зиянға арналған бағалау резерві	**(6,017,737)**	**(407)**	**(41,567,269)**	**(47,585,413)**
Баланстық құны	**4,327,478,139**	**5,585,779**	**5,626,082**	**4,338,690,000**

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2020 жылғы 31 желтоқсан			
мың теңге	**1-саты**	**2-саты**	**3-саты**	**Барлығы**
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
«ААА» кредиттік рейтингі бар	128,884,582	-	-	128,884,582
«АА-»-тен «АА+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	941,890,542	4,578,099	-	946,468,641
«А-»-тен «А+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	465,484,173	23,462,865	-	488,947,038
«ВВВ-»-тен «ВВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	1,231,851,192	13,943,178	-	1,245,794,370
«ВВ-»-тен «ВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	17,846,400	-	-	17,846,400
Баланстық құны	**2,785,956,889**	**41,984,142**	**-**	**2,827,941,031**
Зиянға арналған бағалау резерві	**(551,519)**	**(79,088)**	**-**	**(630,607)**
Баланстық құны – әділ құны**	**2,785,956,889**	**41,984,142**	**-**	**2,827,941,031**
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
«ААА» кредиттік рейтингі бар	168,611,393	-	-	168,611,393
«А+» кредиттік рейтингі бар	95,086,919		-	95,086,919
«ВВВ-»-тен «ВВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	770,094,393		-	770,094,393
«ВВ-»-тен «ВВ+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	88,503,090	-	-	88,503,090
Жалпы баланстық құны	**1,122,295,795**	**-**	**-**	**1,122,295,795**
Зиянға арналған бағалау резерві	**(352,060)**	**-**	**-**	**(352,060)**
Баланстық құны	**1,121,943,735**	**-**	**-**	**1,121,943,735**

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2020 жылғы 31 желтоқсан			
мың теңге	**1-саты**	**2-саты**	**3-саты**	**Барлығы**
Сатып алынған қарыздар бойынша талаптар				
«BBB-» кредиттік рейтингі бар	247,142,183	2,946,144	95,052	250,183,379
«BB» кредиттік рейтингі бар	47,073,796	16,387	-	47,090,183
«B+» кредиттік рейтингі бар	2,949,119	22,784	-	2,971,903
«B» кредиттік рейтингі бар	227,334,370	236,447	80,828	227,651,645
«B-» кредиттік рейтингі бар	11,762,497	192,387	-	11,954,884
Жалпы баланстық құны	**536,261,965**	**3,414,149**	**175,880**	**539,851,994**
Зияндарға арналған бағалау резерві	**(68,860)**	**(2,498)**	**(14,936)**	**(86,294)**
Баланстық құны	**536,193,105**	**3,411,651**	**160,944**	**539,765,700**

	2020 жылғы 31 желтоқсан			
мың теңге	**1-саты**	**2-саты**	**3-саты**	**Барлығы**
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек				
«BBB-» кредиттік рейтингі бар	407,531,193	-	-	407,531,193
Жалпы баланстық құны	**407,531,193**	**-**	**-**	**407,531,193**
Зияндарға арналған бағалау резерві	**-**	**-**	**-**	**-**
Баланстық құны	**407,531,193**	**-**	**-**	**407,531,193**

*2021 жылы 1-кезеңге (2020 жылы 1-кезеңге) берілген сыртқы кредиттік рейтингі жоқ ПКҚ облигациялары енгізілді. ПКҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 100% еншілес ұйымы болып табылады.

**Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар әділ құны бойынша көрсетіледі, ал зиянға арналған бағалау резерві басқа да жиынтық кіріс құрамында танылады.

5. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЗИЯН

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Тиімді мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, есептелген пайыздық кірістер		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер:		
- Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер	160,740,368	150,518,982
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	93,040,754	79,844,576
- Сатып алынған қарыздар бойынша талаптар	36,849,339	17,723,288
- «Кері РЕПО» мәмілелері	3,693,327	7,817,533
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кірістер		
- Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	57,303,861	111,279,285
Тиімді мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, есептелген пайыздық кірістердің барлығы	**351,627,649**	**367,183,664**
Пайыздық шығыстар		
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар:		
- Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(385,170,667)	(348,204,505)
- Банктер мен басқа қаржы институттарының шоттары мен депозиттері	(197,850,670)	(109,447,963)
- «РЕПО» мәмілелері	(3,486,301)	(4,854,777)
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің депозиттік шоттары	(2,396,154)	(2,087,263)
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстардың барлығы	**(588,903,792)**	**(464,594,508)**
	(237,276,143)	**(97,410,844)**

6. КОМИССИЯЛЫҚ КІРІСТЕР

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Зейнетақы активтерін басқарудан түскен комиссия	26,372,449	6,954,406
Активтерді басқару қызметіне комиссия	10,750,651	15,770,431
Депозитарлық қызмет, қаржы нарықтарына қызмет көрсету және аударым операциялары	3,005,466	2,035,919
	40,128,566	**24,760,756**

Активтерді басқару бойынша операциялардан түскен комиссиялық кірістерде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының және «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ активтерін басқару бойынша қызмет үшін кірістер қамтылады. ҚҰБ клиенттердің нұсқауларына сәйкес алынған қаражатты түрлі қаржы құралдарына инвестициялай отырып, төменде аталған ұйымдардың активтерін басқарады.

Зейнетақы активтерін басқарудан түскен комиссиялық кіріс «БЖЗҚ» АҚ-тан алынды. 2021 жылы табыстылықтың нысаналы көрсеткішін арттырғаны үшін сыйақы алу шарты жойылды. ҚҰБ 2020 жылы кірістіліктің нысаналы көрсеткішінен асқаны үшін сыйақы алған жоқ.

Депозитарлық қызмет пен қаржы нарықтарына қызмет көрсетуден түскен кіріске «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың, «ҚҚБ» АҚ-тың негізгі қызметінен түсетін кірістер кіреді.

Аударым операцияларынан түскен кіріске «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК-ның банкаралық төлемдерден, ақша аударымдарынан және клиринг операцияларынан түскен комиссиялық кірістері кіреді.

7. КОМИССИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Активтерді басқару бойынша қызметтер	3,421,317	3,669,310
Брокерлік операциялар және шотты жүргізгені үшін комиссиялар	2,726,340	2,542,040
Кастодиандық қызметтер	784,276	62,735
Басқалары	432,193	92,689
	7,364,126	**6,366,774**

8. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАРДАН ТҮСЕТІН ТАЗА ПАЙДА

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер - әділ құнының өзгеруі	4,079,503	(41,153,235)
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер – басқа да пайыздық кірістер	36,829,842	40,067,267
Сыртқы басқарудағы активтер	212,576,008	94,502,925
Басқа да туынды қаржы құралдары	(5,152,037)	1,866,246
	248,333,316	**95,283,203**

Әділ құны бойынша бағаланатын реттелген облигациялардың әділ құнының өзгеруінен пайда 4,123,273 мың теңгеге тең және әділ құны бойынша бағаланатын банктердегі депозиттерден зиян 43,770 мың теңгеге тең (19-ескертпе) (2020: тиісінше 17,784,382 мың теңге зиян және 23,368,853 мың теңге зиян).

Басқа да пайыздық кірістер әділ құны бойынша бағаланатын реттелген облигациялар және банктердегі депозиттер бойынша тиісінше 33,341,220 мың теңге және 3,488,622 мың теңге (2020: тиісінше 336,645,865 мың теңге және 3,421,402 мың теңге) мөлшеріндегі пайыздық кірістен тұрады (19-ескертпе).

9. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАРДАН ТҮСЕТІН ТАЗА ПАЙДА

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды сату	17,819,146	32,933,329
Дивидендтер	4,787,580	7,826,628
	22,606,726	**40,759,957**

10. БАНК СЕКТОРЫН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ШЫҒЫСТАРЫ

2021 жыл ішінде «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасын және 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы Жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚҰБ еншілес ұйымы «ҚОҚ» АҚ квазимемлекеттік сектордың бір ұйымының жылдық 7% және 4% (2020 жылы: 6% және 4%) пайыздық мөлшерлемелермен, тиісінше 10 және 20 жыл (2020 жылы: тиісінше 10-12 жыл және 2-20 жыл) өткен соң оларды өтеу міндеттемесімен, сомасы 100,000,000 мың теңге және 120,000,000 мың теңге (2020 жылы: тиісінше 700,000,000 мың теңге және 270,000,000 мың теңге) болатын купондық облигацияларын сатып алды. Ұлттық Банк аталған облигацияларды тиісінше жылдық 9.65% және жылдық 10.77% (2020 жылы: тиісінше жылдық 9.49%-дан 12.13%-ға дейін және 11.19%-дан 13.19%-ға дейін) бағаланатын нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып есептелген бастапқы тану кезінде (19-ескертпе) әділ құны бойынша көрсетті. Бастапқы тану күніне номиналды құны мен әділ құны арасындағы 22,424,141 мың теңге және 59,622,346 мың теңге (2020 жылы: тиісінше 223,609,525 мың теңге және 82,138,809 мың теңге) мөлшеріндегі айырмашылық 2021 жылы пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

Бұдан басқа, «Нұрлы Жер» бағдарламасы бойынша 2020 жылы сатып алынған квазимемлекеттік сектордың бір ұйымының купондық облигациялар бойынша өтеу күні 2021 жылы 2022 жылдан 2024 жылға өзгертілді. Айналыс талаптарының айтарлықтай түрленуіне байланысты Ұлттық Банк ескі купондық облигацияларды тануды тоқтатты және жаңа қаржы активтерін таныды. Тиісінше, осы купондық облигациялар жылдық 13.19% бағалау нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, бастапқы тану күніндегі әділ құнға келтірілді, бұл 25,697,608 мың теңге мөлшерінде талаптарды елеулі түрлендіруден болатын шығынды тануға алып келді, ол 2021 жылы пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалыпқа келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

10. БАНК СЕКТОРЫН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ШЫҒЫСТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Бұдан басқа, 2021 жылы Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде 5 жыл өткеннен кейін (2020 жылы: 10-20 жыл) өтеу міндеттемесімен жылдық 10% пайыздық мөлшерлемемен (2020 жылы: жылдық 0.1%-дан 10.85%-ға дейін), жалпы сомасы 6,536,981 мың теңге (2020 жыл: жалпы сомасы 226,520,653 мың теңге квазимемлекеттік сектордың бір ұйымының және екінші деңгейдегі банктердің) болатын квазимемлекеттік сектордың бір ұйымының купондық облигациялары сатып алынды. Ұлттық Банк аталған облигацияларды бастапқы тану кезінде (19-ескертпе) жылдық 14.78% (2020 жылы: жылдық 13.72%-дан 20.69%-ға дейінгі) нарықтық бағалау пайыздық мөлшерлемелерді қолданып есептелген әділ құны бойынша көрсетті. Бастапқы тану күні 1,127,162 мың теңге мөлшеріндегі номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма 2021 жылы (2020 жылы: 93,666,939 мың теңге) пайда мен зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру бойынша шығыстар ретінде көрсетілді.

Бұдан басқа, 2021 жылы экономиканың басым салаларына кредит беру тетігін іске асыру мақсатында «ҚОҚ» АҚ жалпы сомасы 28,207,681 мың теңге (2020 жылы: бір квазимемлекеттік сектор ұйымына жалпы сомасы 32,024,836 мың теңге) квазимемлекеттік сектордың бір ұйымының және екінші деңгейдегі банктердің купондық облигацияларын жылдық 10.85%-дан бастап 10.95%-ға дейінгі (2020 жылы: жылдық 10.75%) пайыздық мөлшерлемемен, оларды 1-10 жыл (2020 жыл: 1-10 жыл) өткеннен кейін өтеу міндеттемесімен сатып алды. Ұлттық Банк көрсетілген облигацияларды бастапқы тану кезінде жылдық 12.26%-дан 13.98%-ға дейін (2020 жылы: жылдық 10.35%-дан 15.83%-ға дейінгі) нарықтық бағалау пайыздық мөлшерлемелерін қолдана отырып есептелген (19-ескертпе) әділ құны бойынша көрсетті. Бастапқы тану күніне номиналды құны мен әділ құны арасындағы 4,626,022 мың теңге мөлшеріндегі айырмашылық 2021 жылы (2020 жылы: 5,262,159 мың теңге) пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

10. БАНК СЕКТОРЫН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ШЫҒЫСТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

2021 жылы басқа үкіметтік бағдарламалар шеңберінде «ҚОҚ» АҚ 30 жыл (2020 жылы: 1-30 жыл) өткеннен кейін оларды өтеу міндеттемесімен, жылдық 0.1% (2020 жылы: жылдық 0.1%-дан 5.00%-ға дейінгі) пайыздық мөлшерлемесімен, жалпы сомасы 1,303,774 мың теңге (2020 жылы: квазимемлекеттік сектордың ұйымдарының жалпы сомасы 9,479,994 мың теңге) болатын квазимемлекеттік сектор ұйымдарының купондық облигацияларын сатып алды. Ұлттық Банк көрсетілген облигацияларды бастапқы тану кезінде (19-ескертпе) жылдық 9.70 % (2020 жылы: 9.46%-дан 9.48%-ға дейін) нарықтық бағалау пайыздық мөлшерлемелерін қолдана отырып есептелген әділ құны бойынша көрсетті. Бастапқы тану күніне номиналды құны мен әділ құны арасындағы 1,217,535 мың теңге (2020 жылы: 828,466 мың теңге) мөлшеріндегі айырмашылық 2021 жылы пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

Бұдан басқа, 2021 жылы кейбір екінші деңгейдегі банктердің және квазимемлекеттік сектор ұйымдарының бұрын сатып алынған купондық облигациялары бойынша басқа үкіметтік бағдарламалар шеңберінде «ҚОҚ» АҚ шығарылым талаптарын өзгертті, оның ішінде өтеу мерзімінің ұзартылуы. Осы қайта құрылымдау түрлендіруден 13,352,346 мың теңге мөлшеріндегі зиянға әкелді, ол 2021 жылы пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

2020 жылы бір екінші деңгейдегі банктің 2019 жылы сатып алынған купондық облигациясын өтеу кезеңі 2034 жылдан 2040 жылға дейін ұзартылды. Осы қайта құрылымдау түрлендіруден 35,555,736 мың теңге мөлшерінде зиянға әкелді, ол 2020 жылы пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

2021 жылы бұрын сатып алынған екінші деңгейдегі банктің реттелген облигациясы бойынша шығарылым талаптары өзгертілді, оның ішінде өтеу мерзімінің ұзартылуы. Осы қайта құрылымдау түрлендіруден 109,962 мың теңге мөлшерінде зиянға әкелді, ол 2021 жылы пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

10. БАНК СЕКТОРЫН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ШЫҒЫСТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

2020 жылы «ҚОҚ» АҚ 15-20 жыл өткеннен кейін оларды өтеу міндеттемесімен, жылдық 0.10%-дан 4.00%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелермен 121,829,031 мың теңге сомасында екінші деңгейдегі банктердің реттелген облигацияларын сатып алды. Ұлттық Банк көрсетілген облигацияларды бастапқы тану кезінде (19-ескертпе) жылдық 14.60%-дан 14.81%-ға дейінгі нарықтық бағалау пайыздық мөлшерлемелерін қолдана отырып есептелген әділ құны бойынша көрсетті. Бастапқы тану күніне номиналды құн мен әділ құн арасындағы 99,545,510 мың теңге мөлшеріндегі айырма 2020 жылы пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде көрсетілді.

Бұдан басқа, 2020 жылы кейбір екінші деңгейдегі банктердің 2017 жылы сатып алынған реттелген облигациялары бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 4.00%-дан 0.01%-ға дейін төмендетілді, ал өтеу кезеңдері 2032 жылдан 2040 жылға дейін ұзартылды. Осы қайта құрылымдау 70,980,515 мың теңге мөлшеріндегі түрлендіруден зиянға әкелді, ол пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру бойынша шығыстар ретінде көрсетілді.

Барлық реттелген облигациялар Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде сатып алынды.

Қолданылатын нарықтық пайыздық мөлшерлемелер контрагенттердің сыртқы кредиттік рейтингтеріне негізделген.

2018 және 2019 жылдары «ҚОҚ» АҚ 450,000,000 мың теңге және 614,086,276 мың теңге сомасында ПКҚ шығарған облигацияларды сатып алды, тиісінше, олар бастапқы тану кезінде әділ құн бойынша көрсетілді. 2020 жылғы желтоқсанда осы облигациялар екінші деңгейдегі банкте орналастырылған ұзақ мерзімді салым түріндегі өтеу шотына ішінара сатып алу және облигациялардың қалған бөлігін Үкіметтік ұйымның номиналды құны бойынша өтеусіз негізде беру арқылы қайта құрылымдалды. Қайта құрылымдау нәтижесінде қайта құрылымдау күніне облигациялардың әділ құны 367,958,420 мың теңге мөлшерінде және алынған өтеудің әділ құны 43,175,682 мың теңге мөлшерінде арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде танылды. Осы облигациялардың теңгерімдік және әділ құны арасындағы қалған айырма зиянға арналған бағалау резервінің құрамында танылды (12-ескертпе). ПКҚ облигацияларының әділ құны ПКҚ базалық активтерінің әділ құны арқылы активтердің бағалау құнына 10%-дан 20%-ға дейінгі жеңілдікті қолдана отырып және сол активтерді сатудан алынатын түсімнің 12 айдан 24 айға кешіктірілуі негізінде анықталған.

11. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР), НЕТТО

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша салымдар	(35,412,416)	(71,218,797)
Кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің жарналары, нетто	48,760,297	39,172,057
Баспа өнімдерін өткізу	2,331,057	1,428,796
Коллекциялық монеталарды өткізу және өлшеуіш құймаларды сатып алу	1,826,763	1,857,431
Медальдарды, белгішелерді және зергерлік бұйымдарды өткізу	473,225	447,566
Негізгі құрал-жабдықтарды жалға беру	2,574	2,612
Басқа да (шығыстар)/кірістер, нетто	(31,671)	2,193,174
	17,949,829	**(26,117,161)**

ҚР Қаржы министрлігінің «Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын бұдан әрі іске асыру туралы» 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 765 бұйрығына сәйкес 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын (бұдан әрі – Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы) іске асыру бойынша функцияларды «ПКҚ» АҚ-тан «ҚОҚ» АҚ-қа өтеусіз негізде беру мақұлданды. Осы Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде 20 жылға дейінгі мерзімге жылдық 0.10% және 2.99% пайыздық мөлшерлемелермен екінші деңгейдегі банктерде салымдарды нысаналы орналастыру қамтамасыз етіледі.

11. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР/(КІРІСТЕР), НЕТТО, ЖАЛҒАСЫ

«ҚОҚ» АҚ 2021 және 2020 жылдары бірнеше банкке төменгі пайыздық мөлшерлememен салымдар орналастырды. 2021 жылы осы салымдар бойынша 32,182,214 мың теңге мөлшерінде жылдық 9.6%-дан 15.16%-ға дейінгі (2020 жылы: 67,989,718 мың теңге мөлшерінде жылдық 11.59%-дан 15.16%-ға дейінгі) нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып есептелген, салымдарды бастапқы тану күні номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма бойынша зиян танылды. Жалпы сомасы 35,412,416 мың теңгеге (2020 жылы: 71,218,797 мың теңге) 3,230,202 мың теңге (2020 жылы: 3,229,079 мың теңге) мөлшеріндегі валюталық проблемалық қарыздарды қайта қаржыландыруға байланысты қарыз алушылардың қарыздары бойынша сотқа берілген шағым талаптардан төленген мемлекеттік баж сомалары бойынша екінші деңгейдегі банктердің шығындарын өтеу сомасы қосылған.

2021 жылы кепілдік беру нетто жүйесіне қатысушы банктердің жарналарында «ҚДКББҚ» АҚ-тың қатысушы банктердің жарналарынан, тұрақсыздық айыбынан және мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан түсетін түсімнен 55,210,836 мың теңге мөлшеріндегі кірістер, сондай-ақ мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына тиісінше өтемақы бойынша (2020 жылы: тиісінше 39,172,057 мың теңге және нөл теңге) 6,450,539 теңге мөлшеріндегі шығыстар қамтылады.

12. КРЕДИТТІК ЗИЯНҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕРВТЕРДІ/(РЕЗЕРВТЕР) ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР/(БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР)

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер (19-ескертпе)	3,207,035	(164,417,961)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	128,050	588,765
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	(216,207)	766,311
Басқа да қаржы активтер	(280,290)	(334,853)
Сатып алынған қарыздар бойынша талаптар	65,072	679,972
Қорлар	(25,452)	(65,228)
Басқа да қаржылық емес активтер	(8,159)	(11,973)
	2,870,049	**(162,794,967)**

13. БАНКНОТТАР МЕН МОНЕТАЛАРДЫ ШЫҒАРУ ШЫҒЫСТАРЫ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Монеталар дайындау	12,677,100	8,354,828
Банкноттар дайындау	9,404,193	21,438,694
Басқалары	308,644	764,946
	22,389,937	**30,558,468**

2021 жылы банкноттар мен монеталарды шығару бойынша шығыстарға 685,559 мың теңге (2020 жылы: 1,417,263 мың теңге) сомасында жабдықтардың тозуы мен амортизациясы бойынша шығыстар кіреді.

14. ПЕРСОНАЛҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Жалақы	13,801,036	12,775,050
Сыйлықақылар	8,612,490	8,966,328
Әлеуметтік салық	1,268,200	1,453,955
Сақтандыру	522,667	434,950
Оқыту	138,959	87,287
Басқалары	54,292	63,223
	24,397,644	**23,780,793**

15. БАСҚА ДА ЖАЛПЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Ақпараттық және басқа да қызметтер	17,356,858	39,436,119
Байланыс шығыстары	2,250,511	2,213,393
Табыс салығынан басқа салықтар	1,634,136	1,287,232
Негізгі құрал-жабдықтарды жөндеу және ұстау	1,271,426	1,346,875
Қысқа мерзімді жалдау шығыстары	559,806	546,642
Мүлікті өтеусіз беру	437,045	935,755
Негізгі құрал-жабдықтар мен қорлар	436,100	529,356
Күзет	361,806	360,239
Коммуналдық төлемдер	342,317	304,171
Өкілдік шығыстар	216,725	185,669
Іс-сапар шығыстары	214,415	378,346
Көлік шығыстары	112,997	230,962
Негізгі құрал-жабдықтарды сақтандыру	61,398	62,063
БАҚ-тағы жарнама,хабарландыру және сөз сөйлеу шығыстары	37,984	51,685
Амортизация және тозу	7,074	339,049
Басқалары	754,303	706,111
	26,054,901	**48,913,667**

16. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ табыс салығын төлеуден босатылған. ҚҰБ-ның еншілес және қауымдасқан ұйымдарының пайдасына табыс салығы салынады.

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс	(1,428,473)	(1,625,922)
Уақытша айырмалардың туындауы және қалпына келуі салдарынан кейінге қалдырылған салық активтері шамасының өзгеруі	20,665,909	91,342,022
Табыс салығы бойынша барлық үнем	**19,237,436**	**89,716,100**

2021 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20%-ды (2020 жылы: 20%-ды) құрайды.

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлемені есептеу:

	2021 жыл мың теңге	%	2020 жыл мың теңге	%
Табыс салығын шегергенге дейінгі зиян	**(140,005,135)**		**(1,209,899,114)**	
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	28,001,027	(20.00)	241,979,823	(20.00)
ҚҰБ салық салынбайтын операцияларының нәтижесі	(49,077,727)	35.05	(59,000,123)	4.88
Бағалы қағаздардан салық салынбайтын кірістер	11,977,907	(8.56)	7,971,652	(0.66)
«ҚДКББҚ» АҚ қызметінен салық салынбайтын кірістер	10,652,781	(7.61)	5,481,709	(0.45)
«ҚОҚ» АҚ қызметі бойынша салық салынбайтын кірістер /(шегерілмейтін шығыстар)	17,619,298	(12.58)	(15,967,361)	1.32
ПКҚ облигациялары бойынша бұрын құрылған кейінге қалдырылған салық активтін есептен шығару	-	-	(91,158,636)	7.53
Басқа да салық салынбайтын кірістер	64,150	(0.05)	409,036	(0.03)
	19,237,436	**(13.74)**	**89,716,100**	**(7.42)**

16. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ, ЖАЛҒАСЫ

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің құны және салық салынатын базаны есептеу мақсаты үшін пайдаланылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмалар 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активтерінің және кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелердің туындауына әкелді. Егер ҚҰБ-ның еншілес ұйымдары пайдаланылмаған салық зиянын есебіне алуға болатын пайда алған және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында ҚҰБ-ның еншілес ұйымдарының көрсетілген жеңілдіктерді болашақ кезеңдерде пайдалану мүмкіндігіне теріс әсер ететін өзгерістер болмаған жағдайда, болашақтағы салық жеңілдіктері алынуы мүмкін.

ҚҰБ табыс салығын төлеуші болып табылмайды.

Табыс салығы бойынша салық салынатын базаның мөлшерін азайтатын уақытша айырмаларды пайдалану мерзімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында шектелмеген.

16. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ, ЖАЛҒАСЫ

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, жалғасы

2021 және 2020 жылдары уақыт бойынша айырмашылықтар шамаларының өзгеруі былай көрсетіледі:

мың теңге	2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	Пайда немесе зиян құрамында көрсетілді	Тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілді	2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер	325,340,691	20,645,261	-	345,985,952
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	(2,627,270)	(50,471)	(223,180)	(2,900,921)
Басқа да активтер	59,807	(203,626)	-	(143,819)
Басқа да міндеттемелер	406,486	5,712	(730)	411,468
Болашақ кезеңдерге ауыстырылатын салық зияны	216,811	269,033	-	485,844
	323,396,525	**20,665,909**	**(223,910)**	**343,838,524**
Танылмаған кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	(189,660)	-	-	(189,660)
Танылған кейінге қалдырылған салық активтері	**323,206,865**	**20,665,909**	**(223,910)**	**343,648,864**
Кейінге қалдырылған салық активтері	325,613,503	20,673,985	(28,558)	346,258,930
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	(2,406,638)	(8,076)	(195,352)	(2,610,066)

16. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ, ЖАЛҒАСЫ

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, жалғасы

мың теңге	2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	Пайда немесе зиян құрамында көрсетілді	Тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілді	2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер	234,111,296	91,229,395	-	325,340,691
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	(2,652,467)	21,487	3,710	(2,627,270)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	929,770	(929,770)	-	-
Басқа да активтер	22,654	37,153	-	59,807
Басқа да міндеттемелер	356,665	49,821	-	406,486
Болашақ кезеңдерге ауыстырылатын салық зияны	23,931	192,880	-	216,811
	232,791,849	**90,600,966**	**3,710**	**323,396,525**
Танылмаған кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	(930,716)	741,056	-	(189,660)
Танылған кейінге қалдырылған салық активтері	**231,861,133**	**91,342,022**	**3,710**	**323,206,865**
Кейінге қалдырылған салық активтері	234,344,611	91,268,112	780	325,613,503
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	(2,483,478)	73,910	2,930	(2,406,638)

16. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ, ЖАЛҒАСЫ

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, жалғасы

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 345,754,161 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 325,340,691 мың теңге) мөлшеріндегі кейінге қалдырылған салық активтерін ҚҰБ-ның еншілес ұйымы «ҚОҚ» АҚ таныды. «ҚОҚ» АҚ басшылығы кейінге қалдырылған салық активтерінің орнын толтыру мүмкіндігін бағалап, «ҚОҚ» АҚ шегерілетін уақыт айырмашылығын назарға ала отырып, жеткілікті салық салынатын кіріске ие болады және кейінге қалдырылған салық активтерін тану орынды деген қорытынды жасады. Кейінге қалдырылған салық активін қалпына келтіру пайыздық кірістерді түзету арқылы осы инвестициялар бойынша дисконт амортизациясы кезінде орын алатын болады. Кейінге қалдырылған салық активінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қайта бағалауға жатады. «ҚОҚ» АҚ қажет болған жағдайда кейінге қалдырылған салық активінің баланстық құнын азайтатын болады. Осылайша, есепті күнге кейінге қалдырылған салық активі бастапқы тануды түзетуді және осы айырманың кейінгі амортизациясын білдіреді.

17. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Шетелдік банктердегі «ностро» түріндегі шоттар	905,319,981	2,238,402,909
Кассадағы шетел валютасындағы ақша қаражаты	112,430,324	122,879,854
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз «кері РЕПО» операциялары	549,162,352	20,012,508
Қазақстан банктеріндегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз теңгедегі депозиттер	1,182,092	1,550,029
Қазақстан банктеріндегі «ностро» түріндегі шоттар	805,120	759,473
Халықаралық есеп айырысу банкіндегі шоттар	6,268	6,668
Шетелдік банктердегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз депозиттер	-	15,391
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген барлық ақшалай қаражат пен оның баламалары	**1,568,906,137**	**2,383,626,832**

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетелдік банктердегі «ностро» түріндегі шоттарда ақша баламаларының құрамына енгізілмеген, 40,336,981 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 16,295,863 мың теңге) мөлшеріндегі пайдаланылуы шектелген, «ҚҰБ ҰИК» АҚ-тың басқаруындағы инвестицияланбаған ақшалай қаражат қамтылды.

18. АЛТЫН

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
ҚҰБ сақтау орнындағы құйма алтын	**8,195,802,264**	**8,316,001,083**
Шетелдік банктердің депозиттеріндегі алтын:		
- «AAA» кредиттік рейтингі бар	-	50,779,800
- «AA-» кредиттік рейтингі бар	-	45,902,111
- «A-»-тен «A+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	182,371,314	684,330,921
Шетелдік банктердің депозиттеріндегі барлық алтын	**182,371,314**	**781,012,832**
Шетелдік банктің сақтау орындарындағы құйма алтын:		
- «AAA» кредиттік рейтингі бар	708,633,295	717,707,368
- «A+» кредиттік рейтингі бар	1,168,152,414	131,548,388
Шетелдік банктің сақтау орындарындағы барлық құйма алтын	**1,876,785,709**	**849,255,756**
	10,254,959,287	**9,946,269,671**

Кредиттік рейтингтер «Standard and Poor's» рейтингтік агенттіктің немесе соған ұқсас басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес берілген.

19. БАНКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШОТТАР, ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы амортизацияланған құны бойынша есептелетін шоттар мен депозиттер	2,890,335,090	4,338,690,000
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын шоттар, қарыздар мен депозиттер	305,232,932	292,215,561
	3,195,568,022	**4,630,905,561**

19. БАНКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШОТТАР, ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР, ЖАЛҒАСЫ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛЕТІН		
Шетелдік банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер		
Банктердегі «ностро» түріндегі шоттар		
- «AAA» кредиттік рейтингі бар	179,341,723	876,804,943
- «AA-»-тен «AA+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	600,419,350	1,241,290,929
- «A-»-тен «A+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	66,111,069	68,052,184
- «BBB-»-тен «BBB+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	6,997,256	4,488,595
- «BB-»-тен «BB+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	1,698,859	2,047,425
- «B» кредиттік рейтингі бар	109,375	87,115
Банктердегі «ностро» түріндегі шоттардың барлығы	**854,677,632**	**2,192,771,191**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	(589)	(1,589)
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергендегі «ностро» түріндегі шоттардың барлығы	**854,677,043**	**2,192,769,602**
Басқа да шоттар мен депозиттер		
Сыртқы басқарудағы инвестицияланбаған ақшалай қаражат (22-ескертпе)		
- «A+» кредиттік рейтингі бар	90,979,330	61,937,952
	90,979,330	**61,937,952**
Халықаралық валюта қорындағы шоттар	700,067,456	702,245,248
Шетел валютасындағы операциялар бойынша дебиторлық берешек	30,939,624	14,786,910
Халықаралық есеп айырысу банкіндегі шоттар	6,267	6,668
Барлық басқа шоттар мен депозиттер	**821,992,677**	**778,976,778**
Шетелдік банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы барлық шоттар мен депозиттер	**1,676,669,720**	**2,971,746,380**

19. БАНКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШОТТАР, ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР, ЖАЛҒАСЫ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Екінші деңгейдегі банктердегі еншілес ұйымдардың «ностро» түріндегі шоттары		
- «BB-»-тен «BB+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	301,676	561,037
- «B» кредиттік рейтингі бар	503,445	188,065
Екінші деңгейдегі банктердегі еншілес ұйымдардың барлық «ностро» түріндегі шоттары	**805,121**	**749,102**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	-	(168)
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергендегі екінші деңгейдегі банктердегі еншілес ұйымдардың барлық «ностро» түріндегі шоттары	**805,121**	**748,934**
Банктердегі қарыздар мен депозиттер және Қазақстан банктерінің және басқа да қаржы институттарының дебиторлық берешегі		
Банктердегі депозиттер		
- «BBB-» кредиттік рейтингі бар	28,964	52,601,287
- «BB-»-тен «BB+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	51,916,257	185,808,411
- «B-»-тен «B+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	6,697,096	133,798,301
- берілген кредиттік рейтингі жоқ	906,806	869,309
Банктердегі депозиттердің барлығы	**59,549,123**	**373,077,308**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	(198,258)	(3,183,249)
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергендегі банктердегі депозиттердің барлығы	**59,350,865**	**369,894,059**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

19. БАНКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШОТТАР, ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР, ЖАЛҒАСЫ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Берілген қарыздар *		
- «BBB-» кредиттік рейтингі бар	846,094,083	693,488,838
- «BB-»-тен «BB+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	32,833,021	63,723,747
- «B-»-тен «B+»-қа дейін кредиттік рейтингі бар	129,713,585	111,330,432
- «CCC-» кредиттік рейтингі бар	-	14,088,019
- берілген кредиттік рейтингі жоқ	190,245,159	155,460,540
Берілген қарыздардың барлығы (10-ескертпе)	**1,198,885,848**	**1,038,091,576**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	(49,252,932)	(44,400,407)
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергендегі берілген қарыздардың барлығы	**1,149,632,916**	**993,691,169**
Басқа да қаржы институттарының дебиторлық берешегі		
«БЖЗҚ» АҚ-тың дебиторлық берешегі	336,237	545,354
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің дебиторлық берешегі	3,540,231	2,064,104
Басқа да қаржы институттарының дебиторлық берешегінің барлығы	**3,876,468**	**2,609,458**
Банктердегі шоттардың, қарыздар мен депозиттердің және Қазақстан банктерінің және басқа да қаржы институттарының дебиторлық берешегінің барлығы	**1,212,860,249**	**1,366,194,686**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергенге дейін амортизацияланған құны бойынша есептелетін банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттардың, қарыздардың және депозиттердің барлығы	**2,939,786,869**	**4,386,275,413**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервтің барлығы	**(49,451,779)**	**(47,585,413)**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергендегі амортизацияланған құны бойынша есептелетін банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттардың, қарыздардың және депозиттердің барлығы	**2,890,335,090**	**4,338,690,000**

*Амортизацияланған құны бойынша есептелетін берілген қарыздар ПКҚ облигацияларын және екінші деңгейдегі банктер мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарының купондық облигацияларын қамтиды (10-ескертпе).

19. БАНКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШОТТАР, ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР, ЖАЛҒАСЫ

2020 жылғы желтоқсанда «ҚОҚ» АҚ 2018 және 2019 жылдары сатып алған ПКҚ облигациялары қайта құрылымдалды, соның нәтижесінде қайта құрылымдау күніне облигациялардың әділ құны мен алынған өтеудің әділ құны арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында банк секторын және экономиканы қалпына келтіру шығыстары ретінде танылды (10-ескертпе).

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫНДАР		
Банктердегі депозиттер		
- «BB» кредиттік рейтингі бар	17,668,784	15,788,599
- «B-»-тен «B+»-ке дейін кредиттік рейтингі бар	20,839,528	20,553,952
Банктердегі депозиттердің барлығы	**38,508,312**	**36,342,551**
Берілген қарыздар*		
- «BBB» кредиттік рейтингі бар	308,533	-
- «BBB-» кредиттік рейтингі бар	-	335,074
- «B-»-тен «B+»-ға дейін кредиттік рейтингі бар	266,416,087	255,537,936
Берілген қарыздардың барлығы (10-ескертпе)	**266,724,620**	**255,873,010**
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы әділ құны бойынша бағаланатын шоттар, қарыздар мен депозиттер	**305,232,932**	**292,215,561**

* Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын берілген қарыздар банк секторын қаржылай қолдау бағдарламасы шеңберінде сатып алынған банктердің реттелген облигацияларын білдіреді (10-ескертпе). ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес реттелген облигациялар банктердің қаржылық жағдайы нашарлаған және активтерді шығару фактілері анықталған жағдайда, банктің жай акцияларына реттелген борышты айырбастаудың көзделген тетігі болуы салдарынан SPPI өлшемшарттарына сәйкес келмеу себебінен міндетті түрде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде сыныпталды.

19. БАНКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШОТТАР, ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР, ЖАЛҒАСЫ

Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті талдау

2021 және 2020 жылдардағы банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер бойынша зиянға арналған бағалау резервінің өзгеруі былай көрсетілді:

мың теңге	2021 жыл				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер					
1 қаңтардағы қалдық	6,017,737	407	41,567,269	-	47,585,413
Зиянға арналған бағалау резервінің таза өзгеруі	(1,105,769)	1	(242,552)	(5,073,364)	(6,421,684)
Жаңа құрылған немесе сатып алынған қаржы активтері *	6,263,734	-	-	-	6,263,734
Танылуы тоқтатылған қаржы активтері	(3,049,080)	(5)	-	-	(3,049,085)
Бұрын есептен шығарылған активтер бойынша қалпына келтіру	-	-	-	5,073,364	5,073,364
Валюта бағамының өзгеруі және басқа да өзгерістер	37	-	-	-	37
31 желтоқсандағы қалдық	**8,126,659**	**403**	**41,324,717**	**-**	**49,451,779**

мың теңге	2020 жыл				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер					
1 қаңтардағы қалдық	4,020,295	1,576	275,510,316	30,730,063	310,262,250
- 1-кезеңге аудару	6	(6)	-	-	-
- 2-кезеңге аудару	(52)	52	-		-
Зиянға арналған бағалау резервінің таза өзгеруі	(1,958,067)	1,008	78,877,079	83,544,081	160,464,101
Жаңа құрылған немесе сатып алынған қаржы активтері*	4,222,474	5	-	-	4,222,479
Танылуы тоқтатылған қаржы активтері	(266,418)	(2,201)	-		(268,619)
Есептен шығару	(493)	-	(312,820,126)	(124,338,231)	(437,158,850)
Бұрын есептен шығарылған активтер бойынша қалпына келтіру	-	-	-	10,064,087	10,064,087
Валюта бағамының өзгеруі және басқа да өзгерістер	(8)	(27)	-	-	(35)
31 желтоқсандағы қалдық	**6,017,737**	**407**	**41,567,269**	**-**	**47,585,413**

* аталған активтерді кезеңдер арасында аударуды қоспағанда, бір жыл ішінде құрылған жаңа қаржы активтерін қамтиды

19. БАНКТЕРДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ШОТТАР, ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР, ЖАЛҒАСЫ

2021 жылы ДСФК АҚК ЖШС облигациялары бойынша зияндарға арналған бағалау резерві жалпы сомасы 5,073,364 мың теңгеге есептен шығарылды және қалпына келтірілді (2020 жылы: жалпы сомасы 10,064,087 мың теңгеге есептен шығарылды және қалпына келтірілді).

2021 жылы «ҚОҚ» АҚ сатып алған ПКҚ облигациялары зиянға арналған бағалау резервінің жалпы сомасы 5,866,713 мың теңгеге ұлғаюына алып келді.

2021 жылы «ҚОҚ» АҚ-ның екінші деңгейдегі банктердегі 317,838,889 мың теңге мөлшеріндегі депозиттерінің жабылуы зиянға арналған бағалау резервінің 3,022,906 мың теңге сомасына азаюына әкелді.

2020 жылы «ҚОҚ» АҚ 2018 және 2019 жылдары сатып алған ПКҚ облигациялары бойынша зиянға арналған бағалау резервінің таза өзгеруі тиісінше 3-кезеңдегі облигациялар және ББСК облигациялары бойынша тиісінше 67,064,105 мың теңге және 93,608,168 мың теңге болды.

2020 жылғы желтоқсанда «ҚОҚ» АҚ 2018 және 2019 жылдары сатып алған ПКҚ облигациялары қайта құрылымдалды (10-ескертпе), бұл жалпы сомасы 437,158,357 мың теңге болатын зиянға арналған бағалау резервін есептен шығаруға алып келді. ПКҚ облигацияларын шығынға жазу күніне баланстық құны және күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв активтердің бағалау құнына 10%-дан 20%-ға дейінгі жеңілдікті сол активтерді сатудан алынатын түсімнің 12 айдан 24 айға дейін кешіктірілуін қолдана отырып, ПКҚ базалық активтерінің әділ құны негізінде анықталған.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің контрагент банктерде сомасы меншікті капиталдың 10%-нан асатын шоттары және депозиттері болмады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан банктерінде ашылған 805,121 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 748,934 мың теңге) сомасындағы «ностро» түріндегі шоттар ҚҰБ еншілес ұйымдарына тиесілі.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 41,296,297 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 43,796,297 мың теңге) сомасындағы қарыздар 90 күннен астам мерзімге кешіктірілді және олар бойынша 100% мөлшерінде резервтер құрылды.

20. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын, басқарудағы қаржы құралдарында 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мыналар қамтылды:

	2021 жылмың теңге	2020 жылмың теңге
Активтер		
Сыртқы басқарудағы активтер		
Хедж-қорлар, жеке капитал және жылжымайтын мүлік қорлары	964,623,156	632,525,226
Фьючерстер	600,729	262,297
Форвардтар	126,359	238,403
Жеке басқарудағы активтер		
Форвардтар	51,100	-
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқарудағы қаржы құралдарының барлығы	**965,401,344**	**633,025,926**
Міндеттемелер		
Сыртқы басқарудағы міндеттемелер		
Форвардтар	(585,958)	(467,296)
Фьючерстер	(1,214,569)	(499,811)
Жеке басқарудағы міндеттемелер		
СВОП	(15,743)	(1,058)
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқарудағы қаржы құралдарының барлығы	**(1,816,270)**	**(968,165)**

Баламалы құралдарға инвестициялар Алтынвалюта активтерінің инвестициялық стратегиясына және ҚҰБ Басқармасының 2018 жылғы 28 мамырдағы № 100 қаулысымен бекітілген Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің балама құралдарының портфелін басқару жөніндегі инвестициялық стратегиясына сәйкес, сондай-ақ ҚҰБ мен «ҚҰБ ҰИК» АҚ арасында жасалған 2013 жылғы 29 наурыздағы № 122ҰБ/10 Сенімгерлікпен инвестициялық басқару туралы шарт талаптарына сәйкес хедж-қорларға, жеке капитал қорлары мен жылжымайтын мүлік қорларына инвестицияларды қамтиды. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін активтердің балама сыныптарына инвестициялауды «ҚҰБ ҰИК» АҚ хедж-қорларға, жеке капитал қорлары мен жылжымайтын мүлік қорларына инвестициялау мақсатында құрылған компаниялар және/немесе арнайы мақсаттағы әріптестіктер арқылы жүзеге асырады.

20. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Хедж-қорларға инвестициялар

«ҚҰБ ҰИК» АҚ басқаруындағы хедж-қорларға инвестициялар (бұдан әрі - «Хедж-қорларға инвестициялар портфелі») қорлар қорының құрылымы арқылы қорлардың әр түрлі нарықтардағы белгілі бір инвестициялық стратегияларға сәйкес инвестициялау үшін инвесторлардың қаражатын жинақтау мақсатында құрылған әр түрлі инвестициялық қорларға және қаржы құралдарының әр түрлі типтеріне инвестицияларын білдіреді. 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Хедж-қорларға инвестициялар портфелін географиялық бөлу негізінен Солтүстік Америка мен Еуропаға тиесілі. Хедж-қорларға инвестициялау валютасы – АҚШ доллары. Инвестициялық қорлар компаниялар немесе әріптестіктер түрінде ұйымдастырылған. Өз кезегінде аталған инвестициялық қорлар позицияларының қомақты бөлігін белгіленетін нарықтық құны бойынша бағаланатын өтімділігі жоғары туынды қаржы құралдарында және бағалы қағаздарда, сондай-ақ әділ құны бойынша бағаланатын өтімділігі төмен бағалы қағаздарда және туынды қаржы құралдарында ұстайды.

Жеке капитал қорларына инвестициялар

«ҚҰБ ҰИК» АҚ басқаруындағы жеке капитал қорларына (бұдан әрі «Жеке капитал портфелі») инвестициялар қорларға инвестицияларды және акционерлік капиталға немесе инвестицияланатын компаниялардың бағалы қағаздарына инвестициялау үшін инвесторлардың қаражатын жинақтау мақсатында жүзеге асырылатын қорлар қорының құрылымы арқылы қорлармен бірлескен инвестицияларды білдіреді. Инвестициялық қорлар компаниялар немесе әріптестіктер түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Жеке капитал портфеліне әр түрлі секторлар мен өңірлерге инвестициялайтын қорлар кіреді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпараттық технологиялар секторына, тұтынушылық тауарлар мен қызметтер секторына, денсаулық сақтау, индустриалды және қаржы секторларына тікелей инвестицияларға қатысу портфельдің ең көп бөлігін құрайды. Инвестициялардың негізгі бөлігі Солтүстік Америкаға және Батыс Еуропаға келеді. Қорларға инвестициялаудың негізгі валютасы – АҚШ доллары, сондай-ақ еуромен және фунт стерлингпен де инвестициялар бар.

20. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Жылжымайтын мүлік қорларына инвестициялар

«ҚҰБ ҰИК» АҚ басқаруындағы жылжымайтын мүлік қорларына инвестициялар (бұдан әрі «Жылжымайтын мүлік портфелі») жалдау ақысынан және/немесе жылжымайтын мүлік құнының өсуінен кірістер алу мақсатында қорлардың қор құрылымы арқылы қорларға жүзеге асырылатын инвестицияларды білдіреді. Инвестициялық қорлар компаниялар немесе әріптестіктер түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Жылжымайтын мүлікке инвестициялау портфелі әр түрлі өңірлердегі ғимараттардың әр түрлі типтеріне инвестициялайтын қорлар кіреді. Жылжымайтын мүлікке инвестициялау 2018 жылы басталды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша портфельдің ең көп бөлігін Солтүстік Американдағы, Еуропадағы, сондай-ақ Азиядағы жылжымайтын мүлік объектілері құрайды. АҚШ доллары жылжымайтын мүлік қорларына инвестициялаудың негізгі валютасы болып табылады, сондай-ақ еуро мен жапон иенасында да инвестициялар бар.

Төмендегі кестеде негізгі валюталар бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шарттарға сәйкес мәміленің орташа алынған валюта бағамын және өтелгенге дейінгі қалған мерзімдерін көрсете отырып, Ұлттық Банктің туынды құралдарымен операциялар бойынша өтелмеген қалдықтарының келісілген сомалары көрсетіледі.

20. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

Жылжымайтын мүлік қорларына инвестициялар, жалғасы

	Шарт бойынша сомасы / мәміленің шартты сомасы мың теңге				Мәміленің орташа алынған фьючерстік бағалары / валюта бағамы	
	2021 жыл		2020 жыл		2021 жыл	2020 жыл
СВОП						
үш айдан аз кезеңдегі						
Теңгеге АҚШ долларын сатып алу	19,862,800	(19,878,543)	1,154,826	(1,155,884)	432.14	421.30
Форвардтар						
үш айдан аз кезеңдегі						
USD-ге EUR сатып алу	88,329,630	(88,278,530)	-	-	1.13	-
AUD-ға USD сатып алу	2,966,760	(3,013,887)	2,571,028	(2,642,983)	1.40	1.36
USD-ге CHF сатып алу	6,209,133	(6,150,689)	2,031,255	(1,995,389)	1.09	1.11
GBP-ге USD сатып алу	3,887,269	(3,947,694)	3,424,656	(3,452,615)	0.75	0.75
CAD-қа USD сатып алу	20,067,576	(20,237,045)	15,903,233	(16,029,212)	1.27	1.30
EUR-ға USD сатып алу	2,105,733	(2,111,738)	1,615,113	(1,645,639)	0.88	0.83
USD-ге JPY сатып алу	4,451,135	(4,525,927)	5,963,061	(5,938,480)	0.0088	0.0096
USD-ге EUR сатып алу	256,483	(256,464)	-	-	1.14	-
USD-ге CAD сатып алу	92,290	(92,298)	-	-	0.79	-
USD-ге GBP сатып алу	395,382	(399,172)	1,376,572	(1,369,029)	1.34	1.34
USD-ге CHF сатып алу	1,941,196	(1,928,880)	6,675,567	(6,568,853)	1.09	1.11
USD-ге JPY сатып алу	1,848,827	(1,889,917)	1,876,616	(1,875,444)	0.0089	0.0096
USD-ге AUD сатып алу	878,123	(866,531)	1,651,113	(1,615,197)	0.72	0.74
USD-ге CAD сатып алу	3,184,244	(3,140,255)	4,002,483	(3,975,872)	0.78	0.77
EUR-ға USD сатып алу	7,231,004	(7,326,989)	12,201,476	(12,408,460)	0.89	0.83
EUR-ға USD сатып алу	7,992,240	(8,079,508)	-	-	0.89	-
JPY-ға USD сатып алу	-	-	3,475,885	(3,479,778)	-	103.85
Жалпы	**151,837,025**	**(152,245,524)**	**62,768,058**	**(62,996,951)**		
Фьючерс						
үш айдан аз кезеңдегі						
USD-ғы келісім-шарт	165,804,919	(166,370,592)	162,239,069	(162,470,767)	1.00	1.00
EUR-ғы келісім-шарт	36,367,129	(36,200,675)	36,541,775	(36,547,762)	0.88	0.82
JPY-ғы келісім-шарт	568,421	(569,790)	4,310,750	(4,313,912)	115.16	103.85
GBP-ғы келісім-шарт	6,003,688	(5,983,154)	10,359,770	(10,346,629)	0.74	0.74
CAD-ғы келісім-шарт	11,040,710	(11,271,031)	7,331,938	(7,341,746)	1.26	1.29
AUD-ғы келісім-шарт	4,156,145	(4,159,610)	4,364,600	(4,364,600)	1.38	1.32
Жалпы	**223,941,012**	**(224,554,852)**	**225,147,902**	**(225,385,416)**		
Барлығы	**395,640,837**	**(396,678,919)**	**289,070,786**	**(289,538,251)**		

21. «КЕРІ РЕПО» МӘМІЛЕЛЕРІ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
- тағайындалған кредиттік рейтингі жоқ	549,162,352	20,012,508
	549,162,352	**20,012,508**

Кредиттік рейтингтер «Standard and Poor's» рейтингтік агенттіктің немесе соған ұқсас басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес берілген.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «кері РЕПО» келісімдері бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған қаржы активтері «ҚОҚ» АҚ борыштық бағалы қағаздарымен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигацияларымен, Еуразиялық даму банкінің облигацияларымен және ҚҰБ ноталарымен ұсынылды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «кері РЕПО» келісімдері бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған қаржы активтерінің әділ құны 525,082,835 мың теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсан: 19,121,142 мың теңге) құрайды.

2021 жылы 549,162,352 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 20,012,508 мың теңге) сомадағы тағайындалған кредиттік рейтингі жоқ «кері РЕПО» мәмілелері «ҚҚБ» АҚ автоРЕПО нарығында жасалды.

22. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Борыштық құралдар		
Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар		
Мемлекеттік облигациялар		
АҚШ Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	337,656,026	479,145,378
Ұлыбритания Үкіметінің қазынашылық облигациялары	90,503,044	79,846,362
Катар Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	78,436,530	86,512,041
Колумбия Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	77,026,848	74,078,171
БАӘ Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	70,711,489	77,813,610
Индонезия Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	64,209,173	82,736,717
Мексика Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	62,042,682	57,717,845
Перу Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	55,363,934	38,528,935
Чили Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	55,316,758	22,464,026
Франция Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	47,333,775	54,014,331
Люксембург Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	41,968,339	-
Австралия Үкіметінің қазынашылық облигациялары	41,314,600	37,481,617
Филиппин Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	34,495,560	66,915,236
Канада Үкіметінің қазынашылық облигациялары	33,965,774	32,860,161
Польша Үкіметінің қазынашылық облигациялары	22,413,147	27,784,582
Германия Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	20,419,494	1,456,692
Жапония Үкіметінің қазынашылық облигациялары	14,875,956	25,824,029
Панама Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	14,443,058	16,813,276
Қытай Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	10,159,459	15,598,428
Корея Үкіметінің қазынашылық облигациялары	9,253,326	27,521,807
Парагвай Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	9,188,571	8,667,468
Румыния Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	7,988,611	1,014,001
Кайман аралдары Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	5,420,369	8,743,560
Испания Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	4,983,626	5,355,315
Малайзия Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	3,673,289	6,102,685
Ирландия Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	2,749,887	3,014,924

22. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒАСЫ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Сауд Арабиясы Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	2,124,478	-
Сингапур Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	1,833,295	1,849,349
Италия Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	1,691,793	-
Гонконг Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	1,345,301	10,568,144
Израиль Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	146,397	331,325
Литва Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	-	26,134,949
Ресей Федерациясы Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	-	6,436,739
Марокко Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	-	3,397,695
Эстония Үкіметінің мемлекеттік облигациялары	-	1,428,014
Мемлекеттік облигациялардың барлығы	**1,223,054,589**	**1,388,157,412**
Халықаралық мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары		
- «AAA» кредиттік рейтингі бар	22,993,025	52,952,728
- «AA+» кредиттік рейтингі бар	4,314,507	-
- «AA» кредиттік рейтингі бар	24,774,904	64,704,662
- «AA-» кредиттік рейтингі бар	6,477,459	4,238,946
- «A+» кредиттік рейтингі бар	19,409,453	30,450,628
- «A» кредиттік рейтингі бар	8,403,420	13,840,763
- «A-» кредиттік рейтингі бар	-	1,615,227
- «BBB+» кредиттік рейтингі бар	5,511,639	2,630,392
- «BBB» кредиттік рейтингі бар	-	453,607
- «BBB-» кредиттік рейтингі бар	9,849,890	2,961,843
Халықаралық мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялардың барлығы	**101,734,297**	**173,848,796**

22. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒАСЫ

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Халықаралық компаниялардың корпоративтік облигациялары		
- «AAA» кредиттік рейтингі бар	7,260,792	4,133,384
- «AA-»-тен «AA+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	84,564,274	44,590,617
- «A-»-тен «A+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	291,297,237	287,985,948
- «BBB-»-тен «BBB+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	380,112,302	372,597,532
- «BB-»-тен «BB+»-ке дейінгі кредиттік рейтингі бар	13,729,240	8,619,023
Халықаралық компаниялардың корпоративтік облигацияларына инвестициялардың барлығы	**776,963,845**	**717,926,504**
Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың барлығы	**2,101,752,731**	**2,279,932,712**
Қазақстан эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар		
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің қазынашылық облигациялары	242,337,920	453,101,583
Қазақстан қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	-	559,910
«РЕПО» мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы салынған		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигациялары	140,891,608	94,346,826
Қазақстан эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың барлығы	**383,229,528**	**548,008,319**
Борыштық құралдарға инвестициялардың барлығы	**2,484,982,259**	**2,827,941,031**
Үлестік құралдар		
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акциялары	750,000,000	750,000,000
Корпоративтік акциялар	26,432,358	5,496,026
Үлестік құралдарға инвестициялардың барлығы	**776,432,358**	**755,496,026**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергенге дейін басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың барлығы	**3,261,414,617**	**3,583,437,057**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	**(861,925)**	**(630,607)**
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың барлығы *	**3,261,414,617**	**3,583,437,057**

* Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар әділ құны бойынша көрсетіледі, ал зиянға арналған бағалау резерві өзге де жиынтық кірістің құрамында танылады.

22. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік рейтингтер «Standard and Poor's» рейтингтік агенттіктің немесе соған ұқсас басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес берілген.

2021 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «РЕПО» мәмілелерінде кепіл ретінде нарықтық құны 140,891,608 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 94,346,826 мың теңге) болатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары болды.

2021 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың бір бөлігін алты (2020 жылғы 31 желтоқсанда: алты) шетелдік активтерді басқарушы компания басқарды. Мандатқа байланысты менеджерлер қаражатты кірісі тіркелген қаржы құралдарына және үлестік қаржы құралдарына инвестиция салады, оларға сондай-ақ туынды құралдарды қолдануға рұқсат етіледі.

Сыртқы басқарудағы активтер портфелінің мынадай инвестициялық стратегиялары бар:

Сыртқы басқарушы	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге	Стратегия	Индекс
«ҚҰБ» Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ	175,216,070	200,547,370	Баламалы құралдар	MSCI ACWI Investable Market Net Total Return Index (M1WDIM) - 80% Barclays Global Aggregate Bond Index (LEGATRUH) - 20%
Amundi Corporate Bonds	115,385,963	116,817,894	Инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар	ICE BofAML Q847 Custom Index

22. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒАСЫ

Сыртқы басқарушы	2021 жылмың теңге	2020 жылмың теңге	Стратегия	Индекс
Nomura Asset Management U.K. Limited	356,234,813	357,970,439	Инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар	ICE BofAML Q847 Custom Index
Wellington	111,175,717	113,090,636	Инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар	ICE BofAML Q847 Custom Index
Aviva Investors Global Services Limited	389,975,068	389,944,946	Дамушы нарықтардың тұрақты валютадағы облигациялары	ICE BofAML Q846 Custom Index
Deutsche Asset Management International GmbH	326,871,724	327,496,153	Дамушы нарықтардың тұрақты валютадағы облигациялары	ICE BofAML Q846 Custom Index
Барлық сыртқы басқарудағы активтер	**1,474,859,355**	**1,505,867,438**		

2021 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы басқарудағы портфельдерге кіретін 90,979,330 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 61,937,952 мың теңге) сомасында инвестицияланбаған қалдықтар «Банктердегі және басқа да қаржы институттарындағы шоттар, қарыздар мен депозиттер» бабы бойынша ұсынылған (19-ескертпе).

22. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒАСЫ

Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті талдау

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар бойынша күтілетін кредиттік зиянға арналған резервтің өзгеруі былайша көрсетілген:

мың теңге	2021 жыл			
	1-саты	2-саты	3-саты	Барлығы
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
1 қаңтардағы қалдық	551,518	79,088	-	630,606
- 1-сатыға аударым	21,303	(21,303)	-	-
- 2-сатыға аударым	(18,050)	18,050	-	-
Зиянға арналған бағалау резервінің таза өзгеруі	(228,858)	485,994	-	257,136
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржы активтері	203,190	109,001	-	312,191
Танылуы тоқтатылған қаржы активтері	(256,016)	(97,104)	-	(353,120)
Валюта бағамының өзгеруі және басқа да өзгерістер	7,289	7,823	-	15,112
31 желтоқсандағы қалдық	**280,376**	**581,549**	**-**	**861,925**

мың теңге	2020 жыл			
	1-саты	2-саты	3-саты	Барлығы
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
1 қаңтардағы қалдық	1,223,156	76,893	-	1,300,049
- 1-сатыға аударым	51,022	(51,022)	-	-
- 2-сатыға аударым	(939,318)	939,318	-	-
Зиянға арналған бағалау резервінің таза өзгеруі	401,860	(802,330)	-	(400,470)
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржы активтері	547,438	66,075	-	613,513
Танылуы тоқтатылған қаржы активтері	(842,573)	(136,781)	-	(979,354)
Валюта бағамының өзгеруі және басқа да өзгерістер	109,934	(13,065)	-	96,869
31 желтоқсандағы қалдық	**551,519**	**79,088**	**-**	**630,607**

22. БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒАСЫ

Бағасы белгіленбейтін үлестік құралдар

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 2021 жылы 750,000,000 мың теңге (2020 жылы 750,000,000 мың теңге) сомасындағы бағасы белгіленбейтін жай акцияларын білдіреді, олардың әділ құнын тиісті деңгейдегі сенімділікпен бағалау мүмкін емес. Көрсетілген үлестік бағалы қағаз үшін нарық болған жоқ және соңғы кездері айтылған салымдардың әділ құнын растайтын мәмілелер жүзеге асырылмаған.

23. АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

	2021 жыл мың теңге	2020 жыл мың теңге
Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар		
«AAA» кредиттік рейтингі бар еурооблигациялар	49,052,000	154,570,395
«A+» кредиттік рейтингі бар мемлекеттік облигациялар	103,397,484	95,086,919
«AAA» кредиттік рейтингі бар корпоративтік облигациялар	8,651,071	14,040,998
	161,100,555	**263,698,312**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	(40,588)	(120,217)
Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың баланстық құны	**161,059,967**	**263,578,095**
Қазақстан эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар		
«BBB-» кредиттік рейтингі бар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	862,325,244	719,355,438
Екінші деңгейдегі банктердің және басқа ұйымдардың бағалы қағаздары	154,704,960	139,242,045
Алматы қ. әкімдігінің муниципалдық облигациялары	15,442,755	-
	1,032,472,959	**858,597,483**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	(183,438)	(231,843)
Қазақстан эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялардың баланстық құны	**1,032,289,521**	**858,365,640**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резервті шегергенге дейін инвестициялық бағалы қағаздардың барлығы	**1,193,573,514**	**1,122,295,795**
Күтілетін кредиттік зиянға арналған резерв	(224,026)	(352,060)
Инвестициялық бағалы қағаздардың барлығы	**1,193,349,488**	**1,121,943,735**

23. АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР, ЖАЛҒАСЫ

Күтілетін кредиттік шығындар резервін талдау

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар бойынша күтілетін кредиттік шығындар резервінің 2021 және 2020 жылдардағы өзгеруі былайша көрсетілген:

мың теңге	2021 жыл	2020 жыл
	1-саты	1-саты
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
1 қаңтардағы қалдық	352,060	940,800
Зиянға арналған бағалау резервінің таза өзгеруі	(134,070)	(629,926)
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржы активтері	6,072	41,222
Танылуы тоқтатылған қаржы активтері	(52)	(61)
Валюта бағамының өзгеруі және өзге де өзгерістер	16	25
31 желтоқсандағы қалдық	**224,026**	**352,060**

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банк амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар бойынша зиянға арналған бағалау резервін 12 айлық күтілетін кредиттік зиянға тең сомада таниды.

24. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

мың теңге	Жер, үйлер мен ғимараттар	Жиһаз бен жабдықтар	Компьютерлік жабдықтар	Көлік құралдары	Активтерді қолдану құқығы	Аяқталмаған құрылыс/ орнатылмаған жабдық	Материалдық емес активтер	Барлығы
Нақты шығын/қайта бағаланған құны								
2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	**35,230,990**	**35,449,509**	**7,280,108**	**2,600,893**	**2,809,726**	**4,648,960**	**8,702,702**	**96,722,888**
Түсімдер	889,186	1,987,962	336,992	-	825,398	2,767,984	4,996,380	11,803,902
Шығынға жазу	(161,093)	(542,324)	(3,869)	(53,640)	-	-	(495,975)	(1,256,901)
Есептен шығару	(1,665,784)	(1,083,011)	(372,354)	(605,397)	-	(27,344)	(978,454)	(4,732,344)
Қайта бағалау	5,064,636	-	-	1,256,694	-	-	-	6,321,330
Аударымдар	450,280	524,012	171,393	-	-	(1,145,685)	-	-
